

Б.Қапалбек, Л.Нұрғожина, Ш.Шортанбай

# ӘДЕБИЕТТІК

## ОҚУ

# 2

### 2-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің  
2-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2022

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5Қаз)я71  
Қ40



### Шартты белгілер:



– ойтүрткі



– суретпен жұмыс



– оқылым



– жұптық жұмыс



– тыңдалым



– топтық жұмыс



– айтылым



– сұрақтар мен тапсырмалар



– жазылым



– бейнематериал

### Қапалбек Б. және т.б.

Қ40 **Әдебиеттік оқу.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім / Б.Қапалбек, Л.Нұрғожина, Ш.Шортанбай. – Алматы: Мектеп, 2022. – 120 б., сур.

ISBN 978–601–07–1632–2

Қ 4306020400–097 2(1)–22  
404(05)–22

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 83.3(5Қаз)я71

ISBN 978–601–07–1632–2

© Қапалбек Б., Нұрғожина Л., Шортанбай Ш., 2022  
© «Мектеп» баспасы, көркем безендірілуі, 2022  
Барлық құқықтары қорғалған Басылымның мүлкілік құқықтары «Мектеп» баспасына тиесілі

## Алғы сөз

Балалар, сендерге ұсынылып отырған «Әдебиеттік оқу» кітабы «Ана тілінен» алған білімдеріңді әрі қарай дамытуға көмектеседі. «Ана тілі» сендерді оқуға, айтуға, жаттауға үйретті. Ал «Әдебиеттік оқу» сол білімдеріңді, қалыптасқан сөйлеу дағдыларыңды одан әрі шыңдай түседі. Қазір сендер мәтінді оқып, мазмұнын айта аласыңдар. Енді өз беттеріңмен мәтін құруға жаттыға бастайсыңдар. Түсініп оқу, мұқият тыңдау, шебер сөйлеу, сауатты жазу дағдылары осы пән арқылы жетіледі. Сонымен бірге суретпен жұмыс жасап, жұптасып, топтасып тапсырма орындайсыңдар. Ауыз әдебиетінің, балалар әдебиетінің озық үлгілерімен танысу арқылы өз бойларыңа ізгі қасиеттерді қалыптастырасыңдар.

Әдебиеттік оқу кітабында тыңдалым тапсырмалары мен бейнематериалдар QR-код (📄) арқылы берілген. Жазылым тапсырмаларын орындайтын жұмыс дәптері бар.

Мәтіндерді оқып, берілген тәлім-тәрбиені бойларыңа сіңіріп, қолдана білулеріңе тілектеспіз. Білімді болу өз қолдарыңда.

*Авторлар*



## 5. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

### 49-сабақ

### Денсаулық – зор байлық



Сөздерден денсаулық жайлы сөйлемдер құрастыр.

денсаулық.

Бірінші

Денсаулық

кепілі –

тазалық.

байлық –



**1-тапсырма.** «Өс, ұлан!» өлеңін мәнерлеп оқы.

Сау болсын десең,

Он екі мүшең –

Ерте тұр!

Құлақ тұр!

Тыңда сыр!

Жапырақтар жырлар,

Гүлдер сыбырлар.

Күн нұрын күт!

Таза ауа жұт!

Бойыңа – құт!

Жүгір,

Желмен жарысып.

Нұрға сылан,

Болып қыран,

Өс, ұлан!

*Өтебай Тұрманжанов*



1. Ақын денің сау болу үшін не істеу керек дейді?

2. Таза ауада қай уақытта жүру керек?

3. Өлеңді жаттап ал.



### Түсіндірме сөздік

**Он екі мүше** – адамның тұтас денесі.

**Құт** – бұл жерде: поэтикалық қолданыста денсаулыққа пайдалы деген мағынада берілген.



**2-тапсырма.** «Шынықсаң, шымыр боларсың!» өлеңінен үзіндіні оқы. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.



Сағаттың тіліндей  
 Иіліп оңға бір,  
 Сағаттың тіліндей  
 Иіліп солға бір,  
 Сағатқа қарап ап  
 Жаттығу оңай-ақ!  
 Қақпаға туралап,  
 Теп допты, оң аяқ!  
 Қақпаға туралап,  
 Теп допты, сол аяқ!

Оң аяқ!  
 Сол аяқ!  
 Жаттығу оңай-ақ!  
 Доп безек қағады  
 Секіріп еденде.  
 Біресе жоғары,  
 Біресе төменге.  
 Секіріп сондай-ақ,  
 Жаттығу оңай-ақ!

*Мұзафар Әлімбаев*

1. Берілген суреттердің қайсысы өлең мәтініне сәйкес келеді?
2. Өзің спорттың қай түрімен шұғылданасың?



**3-тапсырма.** Берілген сурет сұлбаларына қарап, спорт түрлерінің атауын сәйкестендіріп айт.



волейбол теннис

гимнас-

зілтемір

вело-

жүгіру жүзу

тика

көтеру

спорт



**4-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Өзіңе ұнайтын спорт түрі туралы жаз.
2. Түсіндірме сөздіктегі сөздердің бірін қатыстырып сөйлем құрап жаз.



Бұл қасиеттер қандай адамның бойында болады? Тағы қандай қасиеттер қосар едің?

мейірбан

жанашыр

шыдамды



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға жауап бер.

Сейіт орам үстінде жүгіріп бара жатқанда, бір арбалы келіп, аңдаусыз соғып кетіп, аяғын сындырыпты. Ойбайлап жылап жатқан баланы көріп шошынғаннан шешесі есінен танып қалыпты. Мұны көрген соң, Сейіт жыламақ түгіл, сынған аяғын орнына салып, таңып жатқанда да дыбысын шығармай, қабағын да шытпай жатты.

Сонда сынықшы кісі:

– Аяғың ауырмай ма, қабағыңды да шытпайсың? – деп сұрады.

Сейіт шешесі шығып кеткен соң демін алып, сынықшыға сыбырлап:

– Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көрсе, шешем де қиналып, жүдемесін деп шыдап жатырмын, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*



1. Сейіт қандай қиын жағдайға тап болды?
2. Шешесі неліктен есінен танып қалды?
3. Сейіт аяғының ауырғанына қарамастан неліктен шыдамдылық танытты?
4. Сейіт сынықшыға не деп сыбырлады?
5. Сейіттің бойынан қандай қасиеттерді байқадың?
6. Мәтіннің мазмұнын қысқаша баяндап бер.

## Түсіндірме сөздік

**Орам** – бұл жерде: бұрыс, қисық көше.

**Шошу** – зәресі ұшу, қатты қорқу, үрейлену.


**Сынықшы** – адам мен малдың сынған, шыққан сүйегін қолмен орнына сала білетін емші.



**2-тапсырма.** Суреттегі көлік түрлерін сипаттап айт.



**3-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.




1. Суреттен қандай көріністі көріп тұрсың?
2. Баланың жүзінен не байқадың?
3. Мәтін мен суретте байланыс бар ма?



**4-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша өз пікіріңді жаз.



Ұқыпты оқушы қандай болады? Топтастыру жаса.



**1-тапсырма.** Қадыр Мырза Әлінің «Салақ» өлеңін мұқият тыңда (9-аудио).



1. Салақ деп қандай адамды айтады?
2. Салақтық неден пайда болады?
3. Салақтықтың соңы неге апарады?



### Түсіндірме сөздік

**Салақ** – ұқыпсыз, қырсыз, еріншек адам.

**Жолақ** – бұл жерде: кір-қожалақ, лас деген мағынада.



**2-тапсырма.** Дұрыс/бұрысын анықтаңдар.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Мектепте оқушының салақтығы жақсы бағаланады.		
Әр адам тазалықты сақтап, ұқыпты болуы керек.		
Салақтық – жаман қасиет.		





**3-тапсырма.** Берілген суреттерді салыстыр. Не байқадың? Суретке ат қойып, өз пікіріңді білдір.



**Бунақ** – өлең тармағының (жолының) ырғақпен айтылуы. Өлеңнің бір тармағы бір не бірнеше бунақтан тұрады.

*Мысалы:*

Ақ киімді, / денелі, // ақ сақалды, ///

Соқыр, мылқау, / танымас // тірі жанды. ///



**4-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Салақ балаға қандай ақыл-кеңес берер едің?
2. 9-аудиодағы өлеңді бунақтарға бөліп жаз.

*Мысалы:*

Салақ, салақ, / салақсың, //

Өз үйіңе / қонақсың. //



**5-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді жалғастырып айт.

Мен ұқыпты баламын.


Өйткені ... .

Мен оны былай дәлелдеймін ... .

Қорытынды ... .



Сызбаға сүйеніп, дәрігерге тән сипаттаманы айт. Өзің тағы не қосар едің?



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп оқы.

Сәлем бердік, дәрігер, Тәттіні жеп жалықтым,  
 Ісіңе сенің қанық ел. Неге осы мен арықпын?!  
 Көтерілді қызуым, Қашпаймын мен уколдан,  
 Келіп маған дәрі бер. Майын ішем балықтың.  
 Айтқаныңды істеймін,  
 Арық суын ішпеймін.

Әнуарбек Дүйсенбиев



1. Өлеңде қандай мамандық жайлы айтылған?
2. Қандай жағдайда дәрігердің көмегіне жүгінеміз?
3. Өлеңде қандай пайдалы, пайдасыз тағамдар туралы айтылған?
4. Өлеңді өз сөзіңмен мазмұнда.



### Түсіндірме сөздік

**Қанық** – бұл жерде: жақсы таныс, белгілі.

**Арық** – 1) еті қашқан, жүдеу; 2) бау-бақша суаруға арналған су жолы, атыз.



**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына *қанық*, *арық* сөздерінің синонимдерін қойып оқы.

Берілген ақпараттармен көпшілік ... еді. Егістік ... арқылы суарылады.



**3-тапсырма.** Дұрыс жауапты тап.

1. Науқас адамдар кімге барады?
  - а) құрылысшыға;
  - ә) дәрігерге;
  - б) шаштаразға;
  - в) мұғалімге.
2. Дәрігерге қажетті құралды анықта.



**4-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Әнуарбек Дүйсенбиев (1931–1979) Алматы облысында туған. Белгілі балалар ақыны, жазушы, аудармашы. Ол – «Сыйлық», «Қызғалдақ», «Ана жүрегі», «Гүлзар», «Аққулы айдын» және т.б. кітаптардың авторы.



1. Автордың «Ақ маман» деген танымал өлеңін білесің бе?
2. «Апаң сенің базардан, Алма сатып әкелді» деп басталатын өлеңін айтып бере аласың ба?



**5-тапсырма.** Өлеңге байланысты сұрақтар құрастырып, дәптеріңе жаз.

Қарапайым сұрақтар	Күрделі сұрақтар



**6-тапсырма.** Өлеңнің алғашқы шумағындағы тармақ, бунақ санын анықта.



**7-тапсырма.** Дұрыс/бұрысын анықтаңдар.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Қойшы балаларды оқытады.		
Аспаз үй салады.		
Дәрігер адамдарды емдейді.		
Мұғалім балаларды емдейді.		
Өрт сөндіруші өртті сөндіреді.		
Суретші ән айтады.		



**8-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Суреттерден кімдерді көріп тұрсың?
2. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді қалай түсінесің?
3. Адам ауырмас үшін не істеуі керек?



**9-тапсырма.** Көп нүктенің орнына сөздердің тиістісін қойып өлең құрастыр.

Мен дәрігер ... ,  
 Үлкеннің де ... .  
 Қиналғанда ... ,  
 Бірінші болып ... .

қасына


баланың

барамын

боламын



Денсаулықты нығайту үшін не істеу керек? Өз ойыңды айт.



**1-тапсырма.** «Жекпе-жек» повесінен алынған үзіндіні түсініп оқып, өз сөзіңмен мазмұнда.

Мұрат үш күннен бері ауру. Еті күйіп-жанып, екі беті қып-қызыл болып балбырап, төсек тартып жатып қалды. Бұрын да тамаққа нашар еді, енді мүлде ішуді қойды.

Ұлжан сусынын аузына тосып, күндіз-түні оның жанынан шықпайды.

Жолаушы кеткен Батырбай қария бүгін келді. Есіктен кірген бойда төсекте жатқан баласын, қасында отырған өңі сынық Ұлжанды көріп шошып кетті.

– Мұрат жайша жатыр ма?

Ұлжан кеудесін кере бір күрсініп алып:

– Қайдан жайша болсын! – деп бастады да, Мұраттың ауруға шалдығу себебін баяндап берді.

Батырбай қария алақанын баласының маңдайына басып біраз отырды да, басын шайқады:

– Дәрігерге көрсетпесе болмас.

Мұрат – Батырбай қария мен Ұлжанның сүт кенжесі. Кәрі әке-шешеге ол өте аяулы. Көздерінен таса еткілері келмейді.

Мектепке түскенге шейін Мұрат отбасы өмірінен ұзақ шыға алмай келді. Қарт ата-ана үйде ойна деп, оны қақпайлай беретін. Есік алдына шықса болды, бірі қуа кетіп, көтеріп үйге алып кіретін. Суық тиеді, сыз өтеді, шаншу қадалады деген сияқты толып жатқан қауіптерді төндіріп, қатты сақтанушы еді...

Дәрігер Мұратты қарап көріп, былай деді:

– Балаларыңыздың аурушаң, арық болып өскеніне өздеріңіз айыптысыздар. Баланы жас күнінен шынықтырып, ыстықтан да, суықтан да қорықпайтын төзімді ету керек. Таза ауада ойнауына бөгет жасамаңыздар. Күнге күйіп, суға шомылып, жалаңаяқ жүрсін. Одан қорқуға болмайды.

*Бердібек Соқпақбаев*



1. Мәтіннің кейіпкерлері кімдер?
2. Мұрат қалай ауырып қалды?
3. Мұрат ата-анасының нешінші баласы еді?
4. Ата-анасы баласын қалай өсірді?
5. Дәрігер Мұраттың ауырып қалу себебін қалай түсіндірді?
6. Алдыңғы сабақтарда Б.Соқпақбаевтың қай шығармасымен таныстың?



### Түсіндірме сөздік

**Балбырау** – бұл жерде: ауырып әлсіздену, қызуы көтерілу.

**Өңі сынық** – бұл жерде: көңілі жабырқаңқы, қайғылы.

**Сүт кенжесі** – үйдің ең кіші баласы.

**Қақпайлау** – еркіне жібермеу, тежеу.



**2-тапсырма.** Суреттерге зер салып, сұрақ-тапсырмаларды орында.



1. Суретте балалар спорттың қандай түрімен айналысып жатыр?
2. Спортпен шұғылданудың адам ағзасына тигізетін пайдасы жайлы не білесің? Айтып бер.
3. Өзіңе спорттың қай түрі ұнайды?

**Портрет** – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.



**3-тапсырма.** Кейіпкердің сырт келбетін кластер бойынша жазып көрсет.





Торкөздерде жасырынған сөйлемді оқы. Мағынасын өз сөзіңмен айтып бер.

З	А	Л	Ы	Қ
А	І	Ы	Л	–
Т	Л	І	П	Д
Ы	Қ	К	Е	Е
Л	У	А	С	Н



**1-тапсырма.** Қадыр Мырза Әлінің «Тазалық» өлеңін мұқият тыңда (10-аудио).



**2-тапсырма.** Өлеңді дауыстап, мәнерлеп әрі түсініп оқы.

Шекілдеуік шағып тұрды      Не қоқырсық шаша салар  
 Сыныпқа кеп бір бала.      Қойма емес қой бұл саған».  
 Дедім оған атып тұрып:      Мен жіберген қаталдықты  
 «Таза еденді былғама.      Түзетті кеп Ақбала:  
 Балшығымен баса салар,      «Сақтау керек тазалықты  
 Жауынды күн жүрсе адам,      Көшеде де, бақта да».

Әбдірахман Асылбек



1. Тыңдалым өлеңінде еңбектің қандай түрлері айтылған?
2. Үйдің ішін таза ұстау не үшін қажет?
3. Тазалық жұмыстарын жүргізгеннен кейін үйдің ішінде қандай өзгерістер болды?
4. Оқылымдағы өлеңде не туралы айтылған?



### Түсіндірме сөздік

**Лак** – металл, ағаш, былғары т.б. заттарға жылтыратып, өң беру үшін қолданылатын түссіз ерітінді, түссіз бояу.

**Шекілдеуік** – күнбағыс дәні.





**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, тапсырмаларды орында.

Әбдірахман Асылбек (1938–2018) Жамбыл облысында туған. Балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, аудармашы. Көптеген әндердің сөзін жазған. Балаларға арналған «Ғажап бала», «Балам туралы баллада», «Түрлі-түрлі бала бар», «Байқа, балақай», «Ақ тілек» т.б. кітаптары бар.



1. Ақынның кітаптарын ата.
2. Ә.Асылбектің өлеңдерінен өзіңе ұнағанын жаттап ал.

**Теңеу** – көркем шығармада затты, құбылысты басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы бейнелеу. Теңеу *-дай/-дей; -тай/-тей* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: *тау-дай, күн-дей, тас-тай*.



**4-тапсырма.** Құрамында теңеу сөз кездесетін қатарды дәптерге белгіле.

Жан-жақтан балалардың қуанған дауысы естіледі.	
Көзі қарақаттай сұлу қыз екен.	
Қазақтың батырлары болаттай мықты болған.	
Көктем келіп, күн жылына бастады.	



**5-тапсырма.** Мақал-мәтелді тиісті сөздермен толықтырып айт.

Тазалық – ... .. ,

байлық негізі

Саулық – ... .. .

тозбас

Ұқыптының тоны ... ,


ісі оңбас

Ұқыпсыздың ... .. .

саулық негізі



Д әрпінен басталып, қ әрпімен аяқталатын нағыз байлықтың атын тауып оқы. Неліктен нағыз байлық дейміз? Ойыңды дәлелдеп айтып бер.



**1-тапсырма.** «Байлық» әңгімесінің мәтінін түсініп, рөлге бөліп оқыңдар.

Бір жарлы жігіт жас күнінде оқыған ұстазымен жолығып, өзінің бұл күнде кедей болғандығын шақты. Онымен бірге оқыған серіктерінің көбі бай болып, кейбіреулері жұртқа қадірлі кісі болып кеткенде, өзінің әрқашан көрген күні жоқшылық екенін сөйледі.

– Қалайша сен өзің айтқандай кедейсің? – деді ұстазы. – Сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың. – Және шәкіртінің оң қолын көрсетіп сұрады:

– Сен мына қолыңды мың сомға кестіруге рұқсат етер ме едің?

– Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеймін, – деді жігіт.

– Қаншаға берер едің жарық дүниені көретін көздеріңді, сақ құлақтарыңды, мықты аяқтарыңды? – деді ұстазы.

– Мен бұларды дүниенің малына да айырбастамас едім, – деді шәкірт.

Сонда ұстаз шәкіртке:

– Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің? – деді.

*Міржақып Дулатұлы*



1. Жас жігіттің өз өміріне неліктен көңілі толмады?
2. Ұстазының жауабы қандай болды?
3. Ұстаз жігіттің кедей емес екеніне көзін қалай жеткізді?
4. Берілген сөйлемдерді мәтін кейіпкерлерімен дұрыс сәйкестендіріп айт.

Қалайша сен өзің айтқандай кедейсің?

Ұстаз

Құдай сақтасын! Он мың сомға да кестірмеймін!

Сенің денің сау, қол-аяғың аман, жұмысқа жарарлықсың.

Шәкірт

Мен бұларды дүниенің малына да айырбастамас едім.



### Түсіндірме сөздік

**Жарлы** – кедей, жоқ-жітік, жарлы-жақыбай, тұрмысы нашар адам.

**Шақты** – бұл жерде: айтты деген мағынада қолданылып тұр.

**Жоқшылық** – кедейшілік, жарлылық.



**2-тапсырма.** Мәтін бойынша дұрыс және бұрыс ақпаратты анықта.

Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
Шәкірт қолын он мың сомға кестіруге келісті.		
Шәкірт көзін, құлағын, аяғын дүниенің малына айырбастамайтынын айтты.		
Ұстазға шәкірт байлығымен мақтанды.		
Ұстаз шәкірттің жарлы емес екеніне көзін жеткізді.		



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Міржақып Дулатұлы (1885–1935) Торғай өңірінде дүниеге келген. Қазақтың көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Балаларға арнап шағын әңгімелер жазған. «Бақытсыз Жамал» атты қазақтың тұңғыш романының авторы. М.Дулатұлының 6 том шығармалар жинағы бар.

1. Міржақып Дулатұлы туралы бұрын естідің бе?
2. Міржақып Дулатұлы жазған қазақтың тұңғыш романы қалай аталады?




**4-тапсырма.** «Қалайша енді осынша байлыққа ие бола тұрып, жарлымын дейсің?» деген сөйлемді өз сөзіңмен түсіндіріп, баяндап беріңдер.



**5-тапсырма.** Керекті сөздермен толықтырып дәптерге жаз.

1. Денсаулық – ... байлық.
2. ... саудың,  
... сау.
3. Аурудың ... ал.



## 56-сабақ Дәрігер бізге не айтты?



Берілген мақал-мәтелдердің ішінен денсаулыққа қатыстысын тауып айт.

Көз – қорқақ, қол – батыр.

Күш – білімде.

Тазалық – денсаулық кепілі.

Елі жоқ – жер жетім,  
Ері жоқ – ел жетім.

Ішің ауырса, аузыңды тый,  
Көзің ауырса, қолыңды тый.

Денсаулық – зор  
байлық.



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Кеше мектепке дәрігер келді. Бәрімізді қарады. Кейбіреулер кір болып шықты. Дәрігер басын шайқап ұнатпаған секілді болды.

Бүгін дәрігер бір шыны әкеліп, қолымыздың үстіне қойып, әрқайсымызға қаратты. Қарасақ, теріміз шұрқ-шұрқ тесік.

Дәрігер:

– Тер осы шұрқ-шұрқ тесіктен шығады. Тер шыққанда, термен бірге тәнімізден зиянды нәрселер де шығады.

Тән кір болса, осы тесіктердің бәрі бітеледі, тер шықпайтын болады. Тер шықпаған соң, тәніміздегі зиянды нәрселер де шықпайды, іште қалады. Тәнді аздырып, ауру қылады, – деді.

Тән тазалығы неге керек екенін сонда білдік.

*Ахмет Байтұрсынұлы*



1. Дәрігер мектепке не үшін келді? Неге көңілі толмады?
2. Дәрігер тері тазалығының өте қажет екенін қалай көрсетті?
3. Мәтіннің мазмұнын айтып бер.



## Түсіндірме сөздік

**Шыны** – бұл жерде: лупа, яғни ұсақ нәрсені үлкейтіп көрсететін оптикалық құрал, ұлғайтқыш.

**Тән** – адамның денесі, тұла бойы.



**2-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937) Торғай өңірінде дүниеге келген. Белгілі қоғам қайраткері, ақын, жазушы, аудармашы. Балаларға арналған оқу құралдарының, алғашқы қазақ әліпбиінің авторы. А.Байтұрсынұлының 6 том шығармалар жинағы бар.

1. Ахмет Байтұрсынұлының аты-жөні саған таныс па?
2. Қашан, қайдан естідің?



**3-тапсырма.** Жұптасып орындайық!

1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып оқыңдар.
  - а) Бас ауырса, ... қорқады.
  - ә) Тәртіп ... үшін, ынтымақ ... үшін керек.
  - б) Жанын аяған – ... жау.
  - в) Тәнім – жанымның садағасы, жаным – ... садағасы.

*Қажет сөздер:* тәніне, арымның, жан, тән, жан.

2. Шыныдан жасалатын заттарды айтыңдар.

айна	жапқыш	терезе
сия	көзілдірік	шалбар
кітап	экран	лупа



**4-тапсырма.** Суреттерге қарап сұрақ-тапсырмаларды орында.

1)



2)



3)



4)



1. Берілген суреттердің мәтінмен байланысы бар ма?
2. Бірінші және екінші суреттегі балаларды салыстыр. Не байқадың?
3. Үшінші және төртінші суреттегі балалардың іс-әрекеті туралы айтып бер.



**5-тапсырма.** Түсіп қалған сөздердің тиістісін тауып, орнына қойып жаз.

... тазалығын сақтау өте маңызды. Дәрігер бір ... әкеліп, қолымыздың үстіне қойып, әрқайсымызға қаратты. Тән кір болса, осы тесіктердің бәрі бітеледі, ... шықпайтын болады.

тән

шыны

тер



Торкөздерден мақал-мәтелді оқы. Қандай мақал-мәтел шықты? Мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.

п	д	ж	г	ю	р	з	г
л	э	у	л	с	а	д	г
с	у	д	ы	ң	б	о	л
ч	и	т	б	д	ы	б	ж
ю	с	ч	ч	а	у	р	р
ц	у	к	е	с	а	м	а
ф	ы	в	р	ұ	р	в	к



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Жылы мезгілде суға көбірек шомыл. Ең артығы – күннің шуағынан жылынған суға түсу. Шомылуға қолайлы уақыт – сәске мен түстен кейінгі уақыт. Тал түсте күн қызып тұрғанда суға түспе. Шомылардың алдында жалаңаш отырма, терлейсің. Тамақтың соңынан тоқ қарынға суға түспе, қызып иә терлеп тұрып суға түспе. Әуелі қызуыңды басып, терінді кептір. Терлеген дене жылдам салқындайды, суық тез тиеді. Шешінген соң басыңды сула да, суға түс. Суға жүгіріп келіп қарғып иә секіріп түспе. Суға кетіп қалуың мүмкін. Су ішінде он-жиырма минуттан артық болма. Дірілдей бастасаң, тезірек судан шық. Судан шығысымен әуелі денеңді сүртіп құрғат. Киініп алған соң жылынғанша қыдыр. Жылы, тынық күні судан шыққан соң біраз жалаңаш отыр, үстіңе күн тиіп, тұла бойыңды жел қақсын. Әлсіз, аурудан жаңа айыққан адамға тымық, жылы күні ғана



суға түсуге болады. Суға түсу шарттарын әбден ұғып ал. Осы шарттарды елемегендіктен, адам баласы түрлі бақытсыз уақиғаларға душар болады.

Міржақып Дулатұлы



**2-тапсырма.** Мәтіннің жалғасын мұқият тыңда (11-аудио).



1. Суға тәуліктің қай мезгілінде шомылған дұрыс?
2. Суға түсу ережелерін неге мұқият біліп алу керек?
3. Қандай су адам денесіне жағымды әсер етеді?
4. Суға шомылудың пайдасы мен ережелерін мәтіннен тауып, айтып бер.



### Түсіндірме сөздік

**Айыққан** – бұл жерде: тәуір болған, сауыққан.

**Көппісті (көнбіс)** – бұл жерде: төзімді, шыдамды.

**Нәзіктендіру** – бұл жерде: жұмсартып, босаңсытып деген мағынада.



**3-тапсырма.** Судың пайдасы туралы не білдің? Әңгімелеп бер.




**4-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Орны ауысқан әріптерден сөздер құрап жаз.

к і н ә з    н п і ө к і т с    у ы м ш о л    а т м а қ

2. Судың пайдасы туралы топтастыру жаса.





Кім жылдам? Сәйкестендіріп айт. Жұмбақтың шешуін тап.

Иірім дөңгелене иірілді,  
Иінге иір-иір иірім  
Иректеліп үйірілді.

Жылт-жылт еткен,  
Жылғадан өткен.

Мақал-мәтел

Жұмбақ

Жаңылтпаш

Қыстағы қар – жер ырысы.



**1-тапсырма.** Жұмбақтарды оқып, дұрыс жауабын анықта.

1. Өмірде одан мол ештеңе болмайды,  
Құшақтасаң, құшағың түк толмайды.
2. Онсыз жақсы өмір жоқ,  
Онсыз жақсы көңіл жоқ.  
Тәтті, бірақ жемейсің,  
Керек емес демейсің.
3. Күн демей, түн демей,  
Дүрсілдеп соғады.  
Ол қалса үндемей,  
Хал нашар болады. Ол не?
4. Ыстықтан да, суықтан  
Денемізді қорғайды.  
Ал адамдар, сондықтан  
Қысы-жазы тоңбайды. Ол не?

Жүрек

Тері

Ұйқы

Ауа



**2-тапсырма.** Ауызша орында.

1. Жұмбақтардың шешуі болып тұрған сөздермен сөйлем құрастырып айт.
2. Өзіңе ұнаған жұмбақты жаттап ал.

3. Жаңылтпашты жылдам, жаңылмай оқы.

Кей кісі ауырса бір,  
Үй іші абыр-сабыр.  
Қылмайтын абыр-сабыр,  
Онан да тәуір сабыр.

4. Тағы қандай жаңылтпаштар білесің?



### Түсіндірме сөздік

**Абыр-сабыр** – әбігер, у-шу, қарбалас, асығыс-үсігіс.

**Сабыр** – шыдам, тағат, төзім.

**Жаңылтпаш** – балалардың тілін жетілдіру, жаттықтыру мақсатындағы ауыз әдебиетінің бір түрі.



**3-тапсырма.** Жаңылтпаш айту сайысын ұйымдастырыңдар.



**4-тапсырма.** Сәйкестендіру арқылы мақал-мәтел құрастырып жаз.

Жаның сау болса,  
сорлымын деме,

Адам досымен мықты.

Ағаш тамырымен мықты,

ауру ұялайды.

Таулы жер бұлақсыз  
болмас,

Тәнің сау болса,  
жарлымын деме.

Әлсіз денеге –

Сулы жер құрақсыз  
болмас.



Берілген жұмбақтың шешуін тап. Жұмбақтың шешуінде кім туралы айтылған?

Арқан байлап беліне, Өрмелейтін қай өрен,  
Шымырлықпен бекіне. Шыңның шырқау шегіне?



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.



Арқалап үйі-шатырын,  
Арқалап көже-қатығын:  
Асудан асып  
Альпинист –  
Асқарға өрлер ақырын.  
Алқынар, бірде адымдар...  
Айнала: көк мұз, қалың қар.  
Арқанды керіп  
Альпинист,  
Астында айдың дамылдар...

Аз емес тосар сын да алда:  
Азынар боран, ызғар да.  
Ақиық қыран жете алмас,  
Альпинист шыққан шыңдарға...

*Өтепберген Ақыпбекұлы*



1. Өлең кім туралы?
2. Альпинист деген кім? Немен айналысады?
3. «Биік шыңдарды бағындырады» дегенді қалай түсінесің?
4. Альпинист болу үшін адамда қандай қасиеттер болу керек?
5. Сенің альпинист болғың келе ме?

## Түсіндірме сөздік

**Альпинист** – тауға, тау шыңдарына жаяу көтеріліп, шыңдарды бағындырушы, спортшы.

**Асқар** – 1) заңғар, зәулім, биік; 2) бір нәрсенің биігі, шыңы.

**Ақиық** – 1) иығы ақ сұрғылт, бүркіт тұқымдасына жататын қыран құс; 2) ұшқыр ойлы, өткір сөзді.



**2-тапсырма.** Қарамен берілген сөздердің қандай мағынада тұрғанын түсіндірме сөздікке қарап анықта.

1. Мұқағали – қазақтың **ақиық** ақыны.
2. Алтай тауында **ақиық** құс тіршілік етеді.
3. **Асқар** тауға қарап тамсандым.
4. Болашағың биік, арманың **асқар** болсын!



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.


Өтепберген Ақыпбекұлы (1950–2007) Талдықорған өңірінде дүниеге келген. Белгілі балалар ақыны, аудармашы, журналист. Ол – «Футболшы боламын», «Доп», «Экологиялық әліппе», «Қызықты әліппе» және т.б. кітаптардың авторы.



1. Ақынның қандай кітаптары бар?
2. Ө.Ақыпбекұлының «Альпинист» өлеңі ұнады ма?



**4-тапсырма.** Суреттерден альпинистерді тап.





Сөзжұмбақты шеш. Жауаптарында қандай ұлттық сусынның атауы бар?

1. Піскен сүттің беті.
2. Сүттің ұйытылған түрі.
3. Қатықтан жасалған дәм.
4. Жаңа төлдеген мал сүті.
5. Биенің ашытылған сүті.

1						
2						
3						
4						
5						




**1-тапсырма.** Ермек Өтетілеуовтің «Шұбат» өлеңін мұқият тыңда (12-аудио).



1. Өлеңде қандай сусын туралы айтылған?
2. Шұбат ненің сүтінен жасалады?
3. Шұбатты ел неге сүйсініп ішеді?
4. Шұбат қалай жасалады? Анықтамалық кітапқа, үлкендердің көмегіне жүгініп айтып беруге тырыс.



**2-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Ермек Өтетілеуов (1938–2006) Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласында туған. Белгілі балалар ақыны, аудармашы. Ақынның «Әйбәт әліппе», «Ойыншықтар әліппесі», «Ең күшті адам», «Өсіп келе жатырмыз» атты кітаптары бар.

1. Ақынның қандай кітаптары бар?
2. Ермек Өтетілеуов қай жерде дүниеге келген?



Түсіндірме сөздік

**Шұбат** – түйе сүтінен ашытылып жасалатын ұлттық сусын.

**Қымыз** – бие сүтінен ашытылып жасалатын ұлттық сусын.



**3-тапсырма.** Төмендегі сусындардың ненің сүтінен жасалатынын анықта.

Айран

Қымыз

Шұбат



**4-тапсырма.** «Саумал» өлеңін мәнерлеп оқы.

Саумал сауып күбіге	Мен де күбі пісер ем,
Апам қымыз піседі.	Шашыратып төкпей бір.
Көп кісі кеп күніне	Қара терге түсер ем,
Үйден қымыз ішеді.	Әттең, бойым жетпей жүр.

*Ескен Елубаев*



**1.** Өлеңде қандай сусын жайлы айтылған?

**2.** Қымыздың қандай қасиеті бар?



**5-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Ескен Елубаев (1942–2017) Жамбыл облысында дүниеге келген. Белгілі балалар ақыны, драматург. Ол – «Көк жейде», «Баламысың деген», «Өжет», «Көкпар» т.б. кітаптардың авторы. Е.Елубаевтың қырықтан астам кітаптары қазақ, орыс тілдерінде жарық көрген.



**1.** Автордың «Саған күшік керек пе?» туындысы таныс па?

**2.** Осы аттас балалар фильмін көрдің бе?



**6-тапсырма.** Ұлттық сусындар атауын қатыстырып сөйлем құрастырып жаз (*шұбат, қымыз*).

**61-сабақ. Мазмұндама**

**1-тапсырма.** Берілген шумақ қай өлеңнен үзінді? Авторы кім?

Сәлем бердік, дәрігер,  
Ісіңе сенің қанық ел.  
Көтерілді қызуым,  
Келіп маған дәрі бер.

**2-тапсырма.** Бұл қай мәтіннің кейіпкерлері? Кестені дәптерге толтыр.

Кейіпкерлер	Мәтіннің тақырыбы
Сейіт, сынықшы, шешесі	
Мұрат, Батырбай қария, Ұлжан	
Жас жігіт, ұстаз	

**3-тапсырма.** «Секіріп сондай-ақ, Жаттығу оңай-ақ» өлең жолдары қай өлеңнен алынған?

1. «Тазалық»;
2. «Шынықсаң, шымыр боларсың!»;
3. «Салақ».

**4-тапсырма.** Көркем шығармада затты, құбылысты басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы бейнелеу қалай аталады?

Теңеу

Кейіптеу

Әсірелеу

**5-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздер мен сөз тіркесін қойып оқы.

... кір болса, осы тесіктердің бәрі бітеледі, ... шықпайтын болады. ... шықпаған соң, тәніміздегі ... .. де шықпайды, іште қалады. Тәнді ... , ... қылады.  
... тазалығы неге керек екенін сонда білдік.



*Керекті сөздер мен сөз тіркесі:* тән, тер, зиянды нәрселер, аздырып, ауру.

**6-тапсырма.** Суреттегі ақын-жазушыларды ата. Олардың қандай шығармаларын білесің?



**7-тапсырма.** Мәтін мен өлеңді оқып, тақырыбын айт.

Кәрі әке-шешеге ол өте аяулы. Көздерінен таса еткілері келмейді.

Арқалап үйі-шатырын,  
Арқалап көже-қатығын...

**8-тапсырма.** Бөлім бойынша ойыңды жазбаша түйінде. «Дені саудың – жаны сау» деген тақырыпқа мәтін құрастырып, дәптеріңе жаз.

**9-тапсырма.** Әдеби ұғымды ережесімен сәйкестендіріп айт.

Бунақ –	әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.
Жаңылтпаш –	өлең тармағының (жолының) ырғақпен айтылуы.
Теңеу –	балалардың тілін жетілдіру, жаттықтыру мақсатындағы ауыз әдебиетінің бір түрі.
Портрет –	көркем шығармада затты, құбылысты басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы бейнелеу.



## 6. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

### 63-сабақ

### Ертегі оқыған соң...



Қандай ертегілерді білесің? Толықтыр.

Қиял-ғажайып

...

...



**1-тапсырма.** Бейсебай Кірісбаевтың «Ертегі оқыған соң...» өлеңін мұқият тыңда (13-аудио).



1. Өлеңнің авторы қандай елге баруды армандайды?
2. Батыр болып, еліне пайдасын қалай тигізуді ойлайды?
3. Өлеңде қандай батырлар жайлы айтылған?
4. Ер Төстік, Алпамыс, Тарғын батырлар жайлы білесің бе?



### Түсіндірме сөздік

**Сауыт** – көне сөз: қару-жарақтан қорғануға арналған қысқа жеңді, ұсақ темір шығыршықтардан тоқылатын батырлар киімі.

**Дулыға** – көне сөз: соғысқа аттанған батырлардың басына киетін темірден, жезден жасалған баскиімі.

**Қоян жүрек** – сужүрек, қорқақ.



**2-тапсырма.** Батырлар киіміне кластер құрастырып айт.





**3-тапсырма.** Жұппен орындайық!

1. Қарамен берілген сөздердің қандай мағынада тұрғанын анықтаңдар.

1. **Сауыт** садақ, қылыш, найза секілді қарулардан қорғану үшін пайдаланылады.

2. Ынтымақ – оқ өтпес **сауыт**, татулық – тамаша сауық.

3. Қазақ жырларында **сауыт-сайманның** түрлі атауы кездеседі.

2. Дұрыс/бұрысын дәптерге белгілеңдер.

Сөйлемдер	Дұрыс	Бұрыс
Дулыға батырдың қалқанына орнатылады.		
Дулыға жұмсақ матадан тігіледі.		
Дулыға адамның басын соққыдан қорғайды.		



**4-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.

Бейсебай Кірісбаев (1955–2003) Алматы облысында дүниеге келген. Белгілі балалар ақыны, сатирик. Ол – «Тамшы», «Аппақ бақ-бақ», «Кілтипан», «Ықылық», «Жаңылтпаштар» және т.б. кітаптардың авторы.



Бейсебай Кірісбаевтың қандай кітаптары бар?

**Сюжет** – шығармадағы өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі.



**5-тапсырма.** Өз ойыңнан ертегі құрастырып жазып көр.



Елімізде қандай мерекелер аталып өтеді? Айт мерекесі туралы не білесің?



**1-тапсырма.** «Айт күндері» әңгімесінен үзіндіні түсініп оқып, мазмұнын айтып бер.

Сәске түс. Желсіз тынық ыстық. Азғана мал ауылдың қорасында көлеңке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасындап тұр...

Ауыл адамының бәрі қыбырлап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бәрі де киінген. Жүздерінде әлденедей бір қуаныштың белгісі бар. Жерошақ біткеннің көбінде асылған қазан, ақ көбігі бұрқылдап семіз ет қайнап жатыр... Кәрі-құртаң шалдар, кемпірлер екеу-екеу көлеңкеде отыр.

– Айт құтты болсын!

– Айтсын, жақсылығы бірге болсын!

– Жарықтық-ай, бұл күнді де жұрттың көретін күні бар екен-ау!..

*Бейімбет Майлин*



1. Мәтінде тәуліктің қай мезгілі суреттелген?

2. Ауыл адамдарының мерекеге дайындығы қандай?

3. Мерекеге дайындалып жатқан сәттерін мәтіннен тауып оқы.



### Түсіндірме сөздік

**Сәске түс** – күн арқан бойы көтерілген шақтан асып, тал түске жетпеген кез.

**Жерошақ** – от жағып, үстіне қазан асуға, нан пісіруге арналған шұңқыр.



## 2-тапсырма. Жұппен орындайық!

1. Мәтіннің кез келген бөлігін әңгімелеңдер.

Басталуы	Ауылдың көрінісі
Жалғасуы	Адамдардың қарбаласқан сәті
Аяқталуы	Қариялардың сөздері

2. Тәулік мезгілдері атауларын дұрыс ретімен сәйкестендіріп айтыңдар.

Шаңқай түс

1

Таң

2

Түн

3

Сәске


4

Кеш

5




3-тапсырма. Суретке зер салып, сұрақ-тапсырмаларды орында.



1. Суреттегі көріністі қысқаша сипаттап бер.
2. Суретте бейнеленген кейіпкерлердің іс-әрекетін айт.  
Мысалы: *Екі қыз киіз үй жанында тұр.*
3. Айт күні қандай тілектер айтылады?
4. Суретте бейнеленген көрініс пен мәтінде қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?



**4-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Бейімбет Майлин (1894–1938) Қостанай өңірінде дүниеге келген. Қазақтың көрнекті жазушысы, ақын, драматург. Оның «Азамат Азаматыч», «Қоңсылар», «Қызыл жалау» романдары, «Шұғаның белгісі» повесі және көптеген пьесалары, әңгімелері, өлеңдері бар.

1. Бейімбет Майлин қай жылы дүниеге келген?
2. Автордың қандай шығармалары бар?



**5-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Айт мерекесі туралы әрі қарай жалғастырып жаз.

Айт – мұсылмандардың ұлы мейрамы.

2. Айт мерекесімен туыстарыңды, сыныптастарыңды құттықтап тілек жаз.



**6-тапсырма.** Мына тілектер қай мерекеде айтылады?


Ақ мол болсын!

Айт құтты болсын!

Ынтымақтастық күні құтты болсын!



Ата-бабамыздың өмір сүру салты жайлы сұрақтарға жауап бер.



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Бұрынғы заманда қазақ түгелімен көшпелі еді. Жаз Арқаны жайлап, қысқа қарай жылы Сыр бойына, Жетісу жаққа көшіп баратын еді. Қазір олай көшіп жүру сиреді. Қазақтың қысы қатты Арқада да тұрақты қыстауы болатын болды. Малға пішен жиятын болды, егінмен де айналыса бастады.

Бұрын көшпелі қазақ салтына орай Сыр бойынан қырға дамылсыз көшіп жүретін. Қолындағы малының аман болып, өсіп-өнуі үшін қыс суықтан қашып жылы жаққа баратын. Жазда оты-суы жайлы Арқаға келуден басқа ешбір амал қыла алмайтын еді. Малға түрлі індет келсе, әр түліктің піріне жалынып, көмек сұрайтын. Жылқы үшін Қамбаратаға сиынатын, түйені індеттен сақтау үшін Ойсылқараға жалбарынатын... Ол күнде қазақ табиғаттың қолайсыз құбылыстарына қарсы ештеңе істей алмайтын.

*Ахмет Байтұрсынұлы*



1. Мәтінде қазақ даласының қай өңірлері туралы айтылған?
2. Неліктен қазақтар қыста Сыр бойы мен Жетісу өңірлеріне көшіп баратын болған?
3. Тағы қай өңірде тұрақты қыстаулары болды?
4. Малға індет келгенде не істеген? Әр түліктің пірі жайлы есіңе түсіріп, айтып көр.
5. Қалай ойлайсың, адамзат баласы табиғатты бағындыра ала ма?



### Түсіндірме сөздік

**Пішен** – қыста малға берілетін азық, жиналған шөп.

**Індет** – бұл жерде: жұқпалы ауру қоздырғышының ауру малдан сау малға жұғып таралуы.

**Қамбарата** – миф. қазақтың наным-сенімінде жылқы малының пірі, иесі.

**Ойсылқара** – миф. ертедегі қазақ халқының наным-сенімі бойынша түйе малының сақтаушысы, пірі.



**2-тапсырма.** Төрт түлікті пірлерімен сәйкестендіріп оқы.

Жылқы	Шекшеката
Қой	Зеңгібаба
Сиыр	Қамбарата
Ешкі	Ойсылқара
Түйе	Шопаната




**3-тапсырма.** Мәтінге жоспар құрып, оқиғалар тізбегін баянда.





**4-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақ-тапсырмаларды орында.

1. Суреттегі үй жануарларын төлдерімен ата.
2. Үйлеріңде үй жануарлары бар ма, болса қандай?
3. Үй жануарларына қамқорлық керек пе? Не үшін керек деп ойлайсың?
4. Үйде тағы қандай жан-жануарларды ұстауға болады?
5. Үй құстарын ата.



**5-тапсырма.** Торкөздерден мал пірлеріне қатысты атауларды тауып жаз.

у	н	г	ш	ж	р
о	й	с	ы	л	қ
з	е	ң	г	і	а
қ	ө	а	т	б	р
а	р	д	а	а	а
м	б	а	р	б	а




**6-тапсырма.** Жұмбақтардың шешуін тауып, суреттермен сәйкестендіріп айт.

Кезікті бір жануар,  
Үстінде екі тауы бар.

Кішкене ғана бойы бар,  
Айналдырып киген тоны бар.

Басында мүйізі бар,  
Үстінде киізі бар.





Берілген сөздерді дұрыс орналастырып, *сүйінші* сөзінің мағынасын ашатын сөйлемді оқы.

берілетін

әкелгенде

сыйлық

қуанышты

хабар



**1-тапсырма.** Әңгімені дауыстап, түсініп оқы.

Ауылдағы жеміс ағаштарының түбін қопсытып жүрген Болат тоқтаған мәшине дыбысын естіді. Қараса, әскер қатарында азаматтық борышын атқарып жүрген ағасы Асылбек түсіп жатыр.

Болат қора жақта жүрген атасына жүгірді:

– Ата, ата! Сүйінші! Асылбек ағам келді!

Екі жыл бойы сағынған Асылбекті көріп, үй іші мәре-сәре болып қуанып қалды.

Кешкісін атасы қалтасынан ақша алып, Болаттың әкесіне ұсынды.

– Болатжан сүйінші сұрап еді, Асылбек аман-есен оралды, жақсы хабарға сүйінші бермеуге болмайды. Мынаған ертең Болатқа велосипед әкеліп берші, – деді Абдол ақсақал баласына.

Жақсы, қуанышты хабар айтқан адамға *сүйінші* беру – халқымыздың дәстүрлерінің бірі.

*Фарица Оңғарсынова*



1. Мәтінде қазақтың қандай салт-дәстүрі туралы айтылған?
2. Мәтін кейіпкерлері кімдер?
3. Отбасында қандай қуаныш болды? Қуанышты хабарды жеткізген адамға не берген?
4. Өзің сүйінші алып көрдің бе?



## Түсіндірме сөздік

**Сүйінші** – жақсы жаңалық, қуанышты хабар айтушыға берілетін сыйлық, жоралғы.



**2-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Фариза Оңғарсынова (1939–2014) Атырау облысында дүниеге келген. Қоғам қайраткері, ақын, жазушы, аудармашы. Ол – «Сандуғаш», «Үйім – менің Отаным», «Шілде», «Дауа», «Сөз сыры» және т.б. кітаптардың авторы. Ақын көптеген әндердің сөзін жазған.



1. Фариза Оңғарсынова қайда дүниеге келген?
2. Ақынның қандай кітаптары бар?



**3-тапсырма.** Ойыңды айт.

1. Қуанышты хабар жеткен кезде кімге, қандай сүйінші берілетінін суретпен сәйкестендіріп айт.

*Сүйіншіге берілетін заттар:* қуыршақ, галстук, қолсағат, білезік.



2. Қандай да бір қуанышты хабар айтып, досыңнан сүйінші сұра.
3. Өз ойыңнан сүйінші беру туралы шағын әңгіме құрастырып айтып бер.



**4-тапсырма.** «Сүйінші» мәтінінің соңғы сөйлемін естеріңе сақтап алыңдар.



Суретте қандай мереке бейнеленген? Наурыз айын неге «жыл басы» деп атайды? Суреттен көргеніңді әңгімеле.



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Кетіп қыстың ызғары,  
Еріп сұсты мұздары.  
Наурыз келді көктем боп,  
Күлім қағып қыздары.

Желектеніп гүл басы,  
Наурыз келді – жыл басы.  
Жылтырады жақұттай  
Жоталардың жылғасы.

Наурыз – пейіл, береке,  
Наурыз – мейір, мереке.  
Қуанышқа бөлейді,  
Көңілдерді көл ете.

Наурыз тойын тойлаймыз,  
Қызығына тоймаймыз.

*Әбдірахман Асылбек*



1. Өлеңде жылдың қай мезгілі суреттелген?
2. Наурыз айында табиғатта қандай өзгерістер болады?
3. Наурыз айы несімен ерекше?
4. Наурыз мейрамын халық қалай тойлайды?
5. Әбдірахман Асылбектің басқа қандай өлеңдерін білесің?



## Түсіндірме сөздік

**Ызғар** – суық, үскірік.

**Жақұт** – түрлі түсті, көбіне көгілдір, жасыл түсті асыл тас.

**Жақұттай** – жақұт сияқты деген мағынада.

**Жылға** – қар, жаңбыр суы ағатын шағын өзекше, ойпаң жер; тау, жота бөктерінен төмен қуалай ағатын бұлақ суы.



**2-тапсырма.** Жұппен орындайық!

1. Сөз тіркестерін қажетті сөздермен толықтырыңдар.

Жақұттай жайнаған ... , асыл ... жылтырайды, жүзі жақұттай ... .

*Қажетті сөздер:* жарқырайды, көз, тастай.

2. Берілген сөздерді биіктігі бойынша орналастырыңдар.

Төбе, етек, шың, жота.



**3-тапсырма.** Наурыз мерекесінде айтылатын қандай тілектерді білесіңдер? Жалғастырып айтыңдар.

Наурыз құтты болсын! ...



**4-тапсырма.** Наурыз туралы не білетініңді дәптерге жаз.

- Наурыздағы табиғат.
- Наурызда дастарқанға қойылатын тағамдар.
- Ойналатын ұлттық ойындар.
- Қандай өнер түрлері көрсетіледі?



**5-тапсырма.** Бейнематериалды көріп, ойларыңмен бөліс.





1. «Жалғасын тап» ойыны.

1. Алтын алма,	А. Сонда олжалы жол болар.
2. Ұлы кісіден бата алсаң,	Ә. Аты бәйгеден келеді.
3. Алғыс алған жігіттің	Б. Алғыс ал.

2. Батаны қай кезде береді? Кімдер береді?



**1-тапсырма.** Ермек Өтетілеуовтің «Ақ бата» өлеңін мұқият тыңда (14-аудио).



1. «Ақтан сөзді терейін, Ақ батамды берейін» деген жолдарды қалай түсінесің?

2. Бата-өлеңде қандай тілектер айтылған?

3. Автордың «Ақ бата» өлеңі ұнады ма?



### Түсіндірме сөздік

**Ақтан сөзді терейін** – ақниетті, жақсы сөзден бастау.

**Қауым** – бұл жерде: адамдар тобы, жиыны, халық, ағайын-туыс, дос-жаран.



**2-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Бата туралы мақал-мәтелдерді көшіріп жаз. Есте сақта!

- Бота алғанша – бата ал.
- Баталы сөз – балаға азық.
- Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер.
- Аздың атасы бір, көптің батасы бір.


2. Батаны қандай жағдайда береді? Топтастыру жаса.



**Бата сөз** – әлем халықтарының баршасында бар, тым көне дәстүр. Бата – ата-ана мен ақсақалдардың, ел ағаларының тілегі.




**3-тапсырма.** Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Немересі атасының көңіл күйін қалай көтерді?
2. Атасы немересіне өзінің ризашылығын қалай білдіреді деп ойлайсың?
3. Әкесі мен баласы қандай еңбек түрімен айналысуда?
4. Үлкендерге көмектесіп батасын алған кезің болды ма? Айтып бер.



**4-тапсырма.** Тұрмыс-салт жырларына нелер жатады? Сызба бойынша айтып беріңдер.





Берілген сөздерден мақал-мәтел құрастыр. Мұғалімнің көмегімен *жомарт* сөзінің мағынасын айтып көр.

қолын

жомарттың

жоқтық

байлайды



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып, сұрақтарға жауап бер.

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары одан сұрайды:

– Жомарт, құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге үй болдыңыз. Сөйтіп тұрып, өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Сонда Жомарт:

– Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі, әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кемкетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екіншісі, бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін.

Үшіншісі, күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәм тәтті, сіңімді болады екен.



Төртіншісі, Құдай Тағалам берген дәулетті өзім-сініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

*Ыбырай Алтынсарин*



1. Атымтай жомарт қандай адам?
2. Ол неліктен бай бола тұра жұпыны киінеді?
3. Әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетке әдеттену қандай мінездің қалыптасуына әкеледі?
4. Атымтай жомарт еңбектенуінің неше себебін атады?



### Түсіндірме сөздік

**Ескі-құсқы** – тозығы жеткен, ескі.

**Пұл** – бұл жерде: ақша, қаржы, қаражат.

**Әбірет** – өнеге, үлгі.

**Көңілге жел кіру** – бұл жерде: басқа адамдарды менсінбеу, яғни *такаппар* болу деген мағынада.



**2-тапсырма.** Тест сұрақтарына жауап беріңдер.

1. «Еңбекпен табылған дәм тәтті, сіңімді болады екен» деген үзінді Атымтай жомарттың еңбектенуінің нешінші себебінде айтылған?

а) бірінші; ә) екінші; б) үшінші; в) төртінші.

2. Қазақстан Республикасының валютасы қайсы?

а) доллар; ә) теңге; б) еуро; в) пұл.

3. Атымтай жомарттың бай бола тұра, жұмыс істеу себебі неде?

а) кейінгілер әбірет алу үшін; б) мақтану үшін;  
ә) көпшілік қызығу үшін; в) баю үшін.



**3-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.



1. Суретте қандай көрініс бейнеленген?
2. Суреттер сюжеті мәтінге сай келе ме?




**4-тапсырма.** Қандай мәтінмен таныстыңдар?

**Әңгіме** – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.




**5-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Жылдам жауап бер.
  - Әдемі ат, асыл киім, асқан дәулет ... Не істейді?
  - Бар бола тұрып жұмыс қылсам ... Не болады?
  - Еңбекпен табылған дәм ... Қандай болады?
2. Жомарт адам қандай болады? Сызбаны толтыр.





Әке сөзіне топтастыру жаса.



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп оқы.

### Әке

Мақтайды әкем:  
– Батырым,  
Енді өзіме серік! – деп.  
Өсіп келе жатырмын  
Өз әкеме еліктеп.  
Әкем мені жасымнан  
Тастамайды қасынан.

### Ана

Күн жетпейді алаң боп  
Кітап оқи бастасам...  
«Шаруам көп, шамам жоқ», –  
Демеді анам ешқашан.  
Бізді бағып-қағады,  
Қайдан мұрша табады?

*Мұзафар Әлімбаев*



1. Өлеңде әке баласына деген сенімін қалай жеткізеді?
2. Әкесінің қандай қамқорлығы жайында айтылған?
3. «Қайдан мұрша табады?» дегенді қалай түсінесің?



### Түсіндірме сөздік

**Еліктеу** – бұл жерде: басқа адамның мінезіне, қылығына, іс-әрекетіне ұқсауға тырысу.

**Мұрша** – күш, қуат, әл, мүмкіндік.



**2-тапсырма.** Сурет бойынша тапсырмаларды орында.

1. Әкеден – ақыл,  
Анадан – мейір.
2. Шешеге қарап қыз өсер,  
Әкеге қарап ұл өсер.
3. Әке жүрегі таудан үлкен.



1. Берілген суреттерге ат қой.
2. Берілген суреттер мен мақал-мәтелдерді қатыстырып сөйле.
3. Берілген суреттер тақырып мазмұнын аша ма?



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Мұзафар Әлімбаев (1923–2017) Павлодар облысында дүниеге келген. Қазақстанның халық жазушысы, ақын, аудармашы. Балаларға арналған «Ақсерек те көксерек», «Балдәурен, балалық», «Аспандағы әпке», «Қоянның құлағы неге ұзын?» және т.б. кітаптардың, көптеген дастан, өлең, аңыз, мысал, жұмбақ, жаңылтпаш, нақыл сөздердің авторы.

1. Автордың қандай өлеңдерін жатқа білесің?
2. Мұзафар Әлімбаевтың қандай кітаптары бар?



**4-тапсырма.** Ана мен әкеге тән қасиеттерді шеңбер ішіне жаз. Салыстыр.





**1-тапсырма.** Фариза Оңғарсынованың «Сарқыт» мәтінін мұқият тыңда (15-аудио).



1. Сарқыт деген не?
2. Сенің ата-анаң тойдан қандай сарқыт әкеледі?



### Түсіндірме сөздік

**Сарқыт** – тойға, қонаққа барған адамдардың алып келетін дәмі және т.б.



**2-тапсырма.** «Сарқыт» сөзжұмбағын шешіңдер.

1. Сыйлы қонаққа тартылатын қойдың мүшесі.
2. Дастарқанға бата беретін үлкен кісі.
3. Сыйлы қонақтың отыратын орны.
4. ...-қарта.
5. Ас ішуге арналған ... .
6. Сарқытты қайдан алып келеді?

1				с			
		2		а			
3				р			
			4	қ			
5				ы			
			6	т			



**3-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқып, мазмұнын айт.

### Енші беру

Бірнеше ер баласы бар ата-ана олар аяқтанған соң, бөлек шығарып, өз алдына үй етеді. Үйдегі дүние-жиһаз, мал-мүліктен жас отауға береді. Мұны *енші беру* дейді. Саматтың ағасы келіншегімен, кішкене

қызы Жанатпен бөлек үйге көшкен болатын. Самат кішкентай Жанатты сағынып жүр еді. Мектептен қайтарда ағасының үйіне соға кетейін деп еді, жолдасы Жанай:

- Қайда барасың, сенің үйің ана жақта емес пе? – деді.
- Ағамдікіне.
- Олар сендермен бірге тұратын еді ғой?
- Жоқ, жақында енші алып шыққан, – деді Самат үлкен адамша байсалды сөйлеп.

Фариза Оңғарсынова



1. Мәтінде қандай салт-дәстүр туралы айтылған?

2. «Енші беру» дәстүрі туралы айтып бер.



### Түсіндірме сөздік

**Байсалды** – сабырлы, ұстамды, байыпты (адам мінезі).



**4-тапсырма.** *Байсалды* сөзімен мағыналас сөздерді айтыңдар.

қызуқанды	байыпты	жалғыз
сабырлы	берік	салмақты
айлакер	ұстамды	жүйрік

**Диалог** – әдеби шығармада екі немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. *Мысалы*, мәтіндегі Жанай мен Саматтың сөйлесуі – диалог.




**5-тапсырма.** Екі мәтінді салыстыра отырып, осы салт-дәстүрлер жайлы дәптеріңе жаз.

Сарқыт	Енші беру



Сөзжұмбақты шешіңдер. Ерекшеленіп берілген торкөздерден қандай сөз шықты?



1. Нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек.
2. Қазақ балаларының ұлттық ойыны.
3. Асықтың жатысы.
4. Асықпен ойналатын ұлттық ойын.
5. Қазақтың салт-... .
6. Отбасының тірегі – ...
7. Дәстүр бойынша қазақ қыздарының ұзатыларда киятін баскиімі.
8. Отан неден басталады?
9. Шаңырақты жауып тұратын киіз атауы.
10. Киіз үйдің төбесі.



**1-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді оқы.

1. Орамал тон болмайды, жол болады.
2. Дәстүрдің озығы да бар, тозығы да бар.

3. Мейірімділікті анадан үйрен,  
Әдептілікті данадан үйрен.
4. Аға әдепті болса, іні әдепті,  
Апа әдепті болса, сіңлі әдепті.
5. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады.
6. Ата – балаға сыншы.



1. Мақал-мәтелдердің мағынасын мұғалімнің көмегімен түсініп ал.
2. Әр мақал-мәтелді өз сөзіңмен әңгімеле.



- 2-тапсырма.** «Кім тапқыр?» ойыны. Тірек сөздермен мақал-мәтел құрастырып, сандыққа сал.



дос

теңге

еңбек

ақыл

кен

береке



- 3-тапсырма.** Берілген сұрақтардың дұрыс жауабын тап.

1. Бала жүруге талпынған кезде жасалатын рәсім қалай аталады?

- а) ашамайға отырғызу;
- ә) тұсаукесер;
- б) шілдеhana.

2. Қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық:

- а) сарқыт;      ә) сүйінші;      б) көрімдік.

3. Жұмбақты шеш.

Әрі төсек, әрі үй,  
Иесі оның сәби.

- а) төсек;      ә) бесік;      б) қолшатыр.





1. Суреттен не көріп тұрсың?
2. Анасы баласына қандай ән, жыр айтуы мүмкін?



**1-тапсырма.** «Жылама, әлди, жылама!» өлеңін мұқият оқы.

Әлди, бөпем, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.  
Быламыққа май құйып,  
Төңкерме қып берейін.  
Жылама, әлди, жылама!

Шылдыр-шылдыр, шылдырлақ,  
Су ағады сылдырлап.  
Былдыр-былдыр, былдырлақ,  
Не сөйлейді былдырлап?  
Жылама, әлди, жылама!

*«Қуыр-қуыр, қуырмаш» кітабынан*



1. Баланы неліктен бесікке бөлейді?
2. Бесіктің адам денсаулығына әсері бар ма? Бар болса, қандай?
3. Анасы баласын қалай жұбатады?
4. Ол баласын жақсы көрген сезімін қандай сөздермен білдіреді?
5. «Бесік жырында» балаға қандай тілек айтылады?



## Түсіндірме сөздік

**Быламық** – ұн не талқаннан суға, сүтке езіп дайындалатын сұйық ботқа.

**Төңкерме** – 1) ұн мен майды араластырып, қуырып пісіретін майлы, тәтті тамақ; 2) қазанға қақтап пісірілген жұқанан (қазанжаппа).



### 2-тапсырма. Тағам атауларын атаңдар.

көже	көшу	көлшік	талқан
былғану	быламық	темір	шәугім
палау	қазан	тесік	сөк
бөрік	төңкеру	төңкерме	сорпа



### 3-тапсырма. Суретке зер сал.



1. Суреттерден көргеніңді өз сөзіңмен баяндап бер.
2. Суреттегі көрініс саған таныс па?
3. Салт-дәстүріміздің ұмытылмай, жалғасын тауып отыруы неліктен маңызды? Ойыңды айт.



### 4-тапсырма. Берілген өлең жолдарын жалғастырып айтып көр.

Әлди, әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат, бөпем.

Қаз-қаз, балам, қаз, балам,  
Қадам бассаң, мәз болам.



Берілген сұрақтардың дұрыс жауабын тап. Тағы қандай салт-дәстүрлерді білесің?

1. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той:

а) тұсаукесер; ә) шілдеhana; б) сүндеттой.

2. Бала туылғанына қырық күн толғанда жасалатын ғұрып қалай аталады?

а) кіндіккесер; ә) қырқынан шығару; б) тұсаукесер.



**1-тапсырма.** Қастек Баянбайдың «Жүн сабау» өлеңінен үзіндіні мұқият тыңда (16-аудио).



1. Әжесі қандай іспен шұғылданып жатыр?

2. Жүннен не жасалады?

3. Жүн сабау қалай жүзеге асып жатыр?

4. Жүн сабау не үшін қажет деп ойлайсың? Жүн сабап жатқан әжелерді көргенің бар ма?



### Түсіндірме сөздік

**Сабау** – жүннің ұйысқанын жазып, қопсытуға арналған кептірілген жіңішке талшыбық, яғни жүн сабайтын құрал.



**2-тапсырма.** Суретке қарап, «Жүн сабау» ісін көрсет. Әр суретті сипаттап айтып бер.



а)



ә)



б)



**3-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Төрт түлік малдың жүнінен жасалатын заттарды белгіле.

текемет	торсық	шекпен	арқан
шәлі	қорамсақ	алаша	ер-тоқым

2. «Жүн сабау» дәстүрлі қолөнеріне қатысты кестені дәптерге толтыр.

Білемін	Білдім	Білгім келеді



**4-тапсырма.** «Киіз басу» өлеңінен үзіндіні түсініп, мәнерлеп оқы.

Жанарлары жарқылдап,  
Апайлар ақ жаулықты.  
Сөйлескенде саңқылдап,  
Айналаны жаңғыртты.  
Ақ жүздері нұрланып,  
Жиналғанда асарға.

Әңгімеге бір қанып  
Қалады ғой қашанда.  
Жарыса кеп сөйлейді,  
Жолын беріп қояр кім.  
Бірақ тыным көрмейді  
Қолдары да олардың.

*Қастек Баянбай*



1. Киіз басуға кімдер жиналған?
2. «Асарға жиналу» дегенді қалай түсінесің?



### Түсіндірме сөздік

**Киіз** – қойдың күзем жүнінен тығыз етіп басылған үй тұрмысында пайдаланатын бұйым.

**Асар** – біреудің қауырт жұмысына көпшіліктің беретін көмегі, жәрдемі.



**5-тапсырма.** Екі топқа бөлініп, өлеңдерді салыстырыңдар. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын атаңдар.

Жүн сабау	Киіз басу
-----------	-----------

**75, 76-сабақтар. Қорытынды**

**1-тапсырма.** Берілген үзінді қай өлеңнен алынған?

Дос қылмаймын қоян жүрек әркімді,  
Шақырамын Алпамысты, Тарғынды.

Айт күндері

Ертегі оқыған соң...

Киіз басу

**2-тапсырма.** Берілген үзінді қай мәтіннен алынған?

Төртіншісі, Құдай Тағалам берген дәулетті өзім-сініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.

**3-тапсырма.** Бата-өлеңді жатқа айтып бер.

**4-тапсырма.** Үзінділер қай мәтіннен алынған? Дәптерге жаз.

Бұрынғы заманда қазақ түгелімен көшпелі еді... Қазір олай көшіп жүру сиреді.	Сәске түс. Желсіз тынық ыстық. Азғана мал ауылдың қорасында көлеңке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасындап тұр...	Бірнеше ер баласы бар ата-ана олар аяқтанған соң, бөлек шығарып, өз алдына үй етеді.

**5-тапсырма.** Бөлімнен қазақтың қандай салт-дәстүрлерімен, дәстүрлі қолөнерімен таныстыңыз? Сызбаны толықтыр.

Сарқыт

**6-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз. Бұл қай өлеңнен үзінді? Авторы кім?

Желектеніп гүл басы, ... – пейіл, береке,  
... келді – жыл басы. ... – мейір, мереке.  
Жылтырады жақұттай Қуанышқа бөлейді,  
Жоталардың жылғасы. Көңілдерді көл ете.

... тойын тойлаймыз,  
Қызығына тоймаймыз.

- а) Мұзафар Әлімбаев;
- ә) Фариза Оңғарсынова;
- б) Әбдірахман Асылбек.

**7-тапсырма.** «Мақал-мәтелді жалғастыр» ойыны.

Жаңбырмен жер көгерер,	...
Құтты қонақ келсе,	...
Орамал тон болмайды,	...
Қонағыңнан алтын алма,	...

**8-тапсырма.** Берілген мәтіндерде қандай салт-дәстүр жайлы айтылады? Салыстыр. Ортақ қасиеті қандай?





## 7. ҚОРШАҒАН ОРТА

### 78-сабақ

### Киік лағының мұңы



Жұмбақтың шешуін тап.

Жез бейнелі өзі,  
Кең дала еркесі,  
Мөп-мөлдір көзі.

1. Бұл қандай жануар?
2. Ол туралы қандай аңыз-ертегілерді білесің?



**1-тапсырма.** Әңгімені түсініп оқы.

Мен кішкентай ғана киіктің лағымын. Мен мамыр айында, ауа райының өзгеретін кезінде, көктем жаңбырының тоқтаусыз жауатын, оны аз десеңіз, қар да жауатын мезгілде дүниеге келіппін. Бұл кезең *құралайдың салқыны* деп аталады. Сол себепті болса керек, біздерге – киіктің лағына құралай деп ат қойылған.

Анам байғұс мені дүниеге әкелгенде жалғыз болыпты. Ол мені жыртқыш аңдар мен құстардан қызғыш құстай қорыды. Маған: «Тырп етіп қимылдамай жат, мен жылдам қайтып келемін», – дейтін. Киіктерді әрбір сағатта, әрбір минутта үлкен қауіп-қатер күтіп тұрады. Анам мені туған кезінде күн қатты суық болып, қар жауған екен. Содан ол қатты әлсіреп, жаурап, аш қалыпты.



Мейірімді орманшы бізді тауып алып, анам айығып кеткенше ұзақ уақыт күтіп бақты. Мен ол адамға бізді құтқарып қалғаны үшін риза болдым. Сол сәт адамдардың киіктерге дос екеніне сендім. Біз үйірімізге қайтып келгенде, дала төсі жасыл желек жамылып тұр екен. Біздер жайылымдағы көктемнің тәтті шырыны мол шөптеріне жайылдық. Дала кең, әдемі кілем төсеп тастағандай ал қызыл қызғалдақтар жайқалып тұр. Жасыл желек шөптер мен гүлдердің хош иісі көңіл күйіңді көтеріп, жүгіріп, секіріп, ойнақтай бергің келеді. Бірақ бұл аймақта ұзақ уақыт жайылған жоқпыз. Көсеміміз бұл жақтан бізді алып кетті. Жабайы аңдардың арасындағы ең қорғансызы, ең жуасы біз – киіктер екен. Неге табиғат біздерге соншалықты қатыгез болды екен?!

*Дәрия Жұмагелдинова*



1. Киіктің лағын не деп атайды? Неге олай атаған?
2. Анасы құралайға не деп айтты? Мәтіннен тауып оқы.
3. Адамдар мен киіктің арақатынасы қандай екен? Оны қайдан білдің?
4. Сенің ойыңша, киік қандай аң? Ал құралай өзі не дейді?



### Түсіндірме сөздік

**Киік** – ешкіге ұқсас, жабайы ашатұяқты түз жануары.

**Құралай** – бұл жерде: киіктің жас лағы.

**Құралайдың салқыны** – мамыр айының орта шенінде басталып, бес-жеті күнге созылатын қара суық.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

киік

құралай

жануар

дала

салқын



**Кейіптеу** – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.

Дәрия Жұмагелдинова 1951 жылы Қарағанды облысында дүниеге келген. Автордың балаларға арналған «Қарбыз», «Біздің әжеміз», «Еркетай» есімді Еркеғали» атты кітаптары бар.



Дәрия Жұмагелдинованың қандай кітаптары бар екен?



**4-тапсырма.** Киіктің лағына қойылған сұрақтардың жауабын мәтіннен тауып оқыңдар.

1. Сен қай кезде дүниеге келдің?
2. Саған құралай деген ат не себепті қойылған?
3. Адамдардың саған дос екенін қай кезде байқадың?



**5-тапсырма.** Суреттен не көріп тұрсың? Сипаттап айт.





Берілген құстардың ішінен жапалақты тауып, ол туралы не білетініңді айт.



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Жапалақ-ау, жапалақ,	Ұстасаң жаның сүйініп,
Жалп-жалп етіп ұшасың.	Құр қалсаң күйіп-пісесің.
Жарықтан қорқып тасалап,	Қараңғыны қалп еткен,
Қараңғыны құшасың.	Қалпың құрсын, жапалақ.
Тышқан көрсең түйіліп,	Жарықтан қорқып қалт еткен,
Топ етіп жерге түсесің.	Салтың құрсын, жапалақ.

Өтебай Тұрманжанов



1. Өлеңде қандай құс туралы айтылған?
2. Жапалақ неліктен жемін тек түнде аулауға шығады?
3. Жапалақ немен қоректенеді?



### Түсіндірме сөздік

**Жапалақ** – үлпілдек қауырсынды, үкі тәріздес, жыртқыш түн құсы.

**Құшу** – құшақ аясына алу, құшақтау; бұл жерде: қараңғыда жүру мағынасында.

**Салт** – бұл жерде: қылығы, іс-әрекеті, қалыптасқан әдеті деген мағынада.

**Мысал** – өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін шағын көлемді көркем шығарма.



**2-тапсырма.** Жануарлар, құстар туралы мысал өлеңдер білесің бе? Есіңе түсір.



**3-тапсырма.** Сөйлемдерді толықтырып жаз.

Менің ойымша, жапалақ қараңғылықты сүйеді.


Себебі ... ..

Мен оны былай дәлелдеймін ... ..

Қорытындылай келе, ... ..



**4-тапсырма.** Жаратылыстану пәнінен алған білімдеріңді пайдаланып, суретте берілген құстардың атын ата.



**5-тапсырма.** Тапсырмаларды орында.

1. Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып, өлеңді өз сөзіңмен мазмұндап айт.

қараңғы

жапалақ

тышқан

жалп-жалп

2. Жапалақты сипатта.

Қандай? (3 сөз)

Не істейді? (2 сөз)

Пайдасы бар ма? (Сөйлем)

## Құстар қысқа қалай дайындалады?



Топтастыруда берілген жыл құстарын ата. Әрі қарай жалғастырып айтып көр.



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Күннің суық боларын елден бұрын құстар сезеді. Күз болысымен олар тізбектеліп, жылы жаққа қарай қайтады. Тырналар қоштасқан кісілерше ауылды айналып, тыраулап кетіп бара жатады. Ең алдында жолды көп көрген кәрі құстар жүреді. Құстар сындырған шыбықтай алды бұрыш, арты талтақ болып ұшады. Құстардың бәрі бірдей жылы жаққа кете бермейді. Біздің жақта қыстап қалатын құстар да болады. Қыстап қалатын құстардың жылы мамық жүні, қанаттары күздігүні өсіп жетіледі. Суықторғайлар өздеріне жылы ұя істеп алады. Көгершіндер шатырды, қораның қалтарысын паналайды. Қыстыгүні құстарға қорек табу оңай емес.

«Балаларға тарту» кітабынан



1. Кейбір құстар неліктен жыл құстары деп аталады?
2. Күннің суық болатынын, ең алдымен, нелер сезеді?
3. Күз болып, салқын түскен кезде жыл құстары не істейді?
4. Тырналар туған жерлерімен қалай қоштасады?
5. Қыстап қалатын құстар қысқа қандай дайындық жасайды?



### Түсіндірме сөздік

**Тізбектелу** – тізілу, қатар-қатар болу.

**Қорек** – табиғаттағы тіршілік иелерінің өмір сүріп, өсіп-өнуіне қажетті нәр, азық, тамақ.

**Суықторғай** – орманды даланы мекендейтін төсі қызыл кішкене әнші құс.



**2-тапсырма.** Жұппен орындайық!

1. Қарамен берілген сөздердің мағынасын бір-біріңе түсіндіріңдер.

1. Түрлі ойлар санамнан **тізбектеліп** шықпай қойды.

2. Көкте құстар **тізбектеліп** ұшып барады.

3. Кейбір жануарлар да адамдар секілді қысқы **қорегін** алдын ала дайындап қояды.

4. Кітап – адам санасының **қорегі**.

2. Құстарды қатыстырып сөйлем құрап айтыңдар.



**3-тапсырма.** Үлгіге қарап, өзің білетін бір құсты сипатта.

Үлгі:

Ұзақ – үсті қара, басы бозғылт, қарға тұқымдас кішкентай жыл құсы.

Көкек – тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше біткен айдары бар сары ала түсті, «көкек-көкек» деп дыбыс шығаратын құс.



**4-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Құстардың атауларын екі топқа бөліп жаз.

Торғай, қарға, суықторғай, қарлығаш, тырна, шымшық, ұзақ, қоқиқаз, сауысқан, көкек.

Жыл құстары	Қыстап қалатын құстар

2. Жыл құстарының қайсысына ұқсағың келеді? Жаз.

Үлгі: Менің аққуға ұқсағым келеді. Себебі ол – өте әдемі, сұлу құс.



**5-тапсырма.** Суреттен не көріп тұрсың? Мәтінмен байланыстыра әңгімеле.





Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, *жайлау* сөзін сипатта. *Жайлау* дегенді қалай түсінесің? Ойыңмен бөліс.

қоныс

кең дала

өріс

жайылым



**1-тапсырма.** «Балалық шаққа саяхат» повесінен алынған үзіндіні дауыстап, түсініп оқы.

Жаз. Жайлау. Шұбала қонған киіз үйлер. Қанаттас бір ауылға апам мені жетелеп, қыдырыстап келген. Үш-төрт әйел үйде шай ішіп әңгімелесіп отыр да, мен сыртта асық ойнаған балаларды қызықтап қарап тұрмын.

Ересектеу бір бала кенет иығымнан жұлқып қалды:  
– Әне, сені тастап, шешең кетіп бара жатыр!..

Мен шешемнен өлмей қалармын.

– Апа! Апа! – деп артынан қуып бердім. Құлындағы дауысым құдайға жетіп, бақырып жүгіріп келем. Аяулы шешемнің маған қарағысы да келмейді.

– Апа! Апа!

Бақырудан өңешім жыртыла жаздайды. Жол шетіндегі үйлердің адамдары бәрі маған қарап қалған. Тек шешем ғана қарамайды. Ұзын аяқтарымен тайраңдай желген жүрдек түйе оңайлықпен жеткізбейді.

Бір әйел көлденеңнен дауыстап:

– Әй, балаң жылап келеді! – деді.

Шешем енді ғана маған жалт бұрылып қарады. Сөйтсем, шешем деп жылап келе жатқан адамым мүлде бөтен... Алдындағысы да мен танымайтын басқа әйел. Өз шешем сол әлгі шай ішкен үйде отыр.

*Бердібек Соқпақбаев*



1. Мәтіндегі оқиға жылдың қай мезгілінде болған?
2. Мәтін кімнің атынан баяндалып тұр?
3. Оқиғаның қалай аяқталғанын өз сөзіңмен баяндап бер.



### Түсіндірме сөздік

**Жүрдек** – жүрісі қатты, тез жүретін.

**Қанаттас** – іргелес, көршілес, жалғас.




- 2-тапсырма.** Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлігіне ат қой. Кестені дәптерге толтыр.

Басы	
Ортасы	
Соңы	



- 3-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақ-тапсырмаларды орында.




1. Мәтін мен суретте ұқсастық бар ма?
2. Мәтіннен суреттегі оқиғаны тауып, қайта оқып шық.
3. Суреттен басқа кімді, нені көрдің? Көргендеріңді көркемдеп айтып бер.





Ай аттарын ретімен айт. Жаз айларын ата.



**1-тапсырма.** «Шілде» әңгімесін түсініп оқы.

Жаз өтіп шілде жетті. Шілдеде күн ұзын, түн қысқа. Күннің ыстығы сонша күшті, тастар, құмдар қызып кетеді. Шілдеде піспеген шөп қалмайды. Мінілмеген, жұмысқа салынбаған мал семіріп, желідегі құлындар ғана жүдеген. Қымыз мол, қозы піскен. Ел жайлауда бірін-бірі қонақ қылып, қазақ салты өз алдына бір қызық. Қыз ұзатса, ұл туса, той болып, жұрт жиналып, ат шауып, күрес болады. Осы кезде қазақ бұрынғыдай алысқа көшпейді. Бұрын жердің еркін шағында жүз елу, екі жүз шақырым жерлерге жайлап кетеді екен. Үлкендер сол күндерін осы күні қатты сағынып, сөз қылысады. Шөп шабатын мезгіл де жетті. Бозбалалар жайлаудың қызығын қия алмай ерініп әрең шығады. Қазақ шөпті белорақпен шабады. Мәшине жаңа тарап келеді. Оқудағы балалар да жаздай қымыз ішіп тынығып, енді сабаққа баратын күндерін санап жүр.

*Міржақып Дулатұлы*



1. Мәтінде жылдың қай мезгілі жайлы айтылған?
2. Шілде айындағы ауа райы қалай сипатталған?
3. Жайлаудағы ересек адамдар, бозбалалар және балалардың көңіл күйі қандай?
4. Тойда қандай іс-шаралар өтеді?

5. Шөп шабатын науқан жаз мезгілінің қай айынан басталады деп ойлайсың?



### Түсіндірме сөздік

**Жүдеу** – бұл жерде: арықтау, азу, салмақ тастау.

**Белорақ** – шалғы; шөп шабатын құрал.



**2-тапсырма.** Жүдеу сөзінің синонимдік қатарын анықтаңдар.



**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыр.

Ай аты	Шілде айының ауа райы	Адамдардың әрекеті
Шілде		



**4-тапсырма.** Суреттерге зер салып, сұрақ-тапсырманы орында.



1. Суреттерге қарап, мәтін желісі бойынша жазғы жайлауды сипатта.
2. Шөп шабу науқаны туралы не білесің?



Берілген жұмбақтың шешуін тауып, сипаттама бер.

Жаңбыр жуды жерімді,  
Көкте өрмек керілді.



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Жаңбыр жауып, басылды,	– Жүрші тездеп,
Күннің көзі ашылды.	Жүрші, аға!
Деді інім:	Жетейікші қырқаға!
– Жүрші, аға,	Тұр қырқаның төрінде
Анау тұрған қырқаға!	Кемпірқосақ керілген.
– Онда не бар?..	Жақын барып,
Балағың	Түбінен
Былғанады,	Көрейінші оны мен.
Қарағым!..	

*Бейсебай Кірісбаев*



1. Өлеңде табиғаттың қандай тамаша көрінісі сипатталған?
2. Жаңбыр жауып, басылған соң пайда болатын ғажайып құбылысты ата.
3. Кемпірқосақты қырқаның түбінен көріп тамашаламақшы болған кім?
4. Өлеңде неше кейіпкер бар?
5. Өлеңді жаттап алыңдар.



### Түсіндірме сөздік

**Қырқа** – төбе, қыр, жота.

**Кемпірқосақ** – аспанда жаңбырдан кейін пайда болатын доға тәріздес әр түсті жолақ.



**2-тапсырма.** Берілген сөздерден сөйлем құрастырыңдар.

құрбысымен

екі

Айзере

бірге

қырқаға

терді

шығып

қызғалдақ



**3-тапсырма.** Сурет бойынша берілген сұрақтарға жауап бер.



1. Далалы алқап табиғаты қалай бейнеленген?
2. Қандай әдемі көрініс көріп тұрсың?
3. Кемпірқосақта қанша түс болады?
4. Кемпірқосақ қалай пайда болатынын білесің бе? Ізденіп көр.



**4-тапсырма.** Берілген жұмбақты тиісті сөздермен толықтырып жазып, шешуін тап.

Бояуларым ... .. ,

*басып кетті*

Көк қағазды ... .. .

*тізіп алды*

Қатарларын ... .. ,

*ізі қалды*

Арттарында ... .. .

*қашып кетті*



Сағаттың түрлерін атауларымен сәйкестендіріп айт.



құмсағат



қалтасағат



қолсағат



қабырғасағат



үстелсағат



**1-тапсырма.** «Сағат» танымдық әңгімесінен үзінді тыңда (17-аудио).



**2-тапсырма.** Мәтіннің жалғасын түсініп оқы.

Күн бір орнында ешқашан кідірген емес. Аспан төсіндегі өз жолымен үнемі ілгері жылжиды. Таңертең жұмыр жердің бір шетінен нарттай қызарып, дөңгелек шығады. Шаңқай түсте тас төбеден шақыраяды. Кешке қарай жердің қарсы жақтағы шетіне барып, ұясына қонады. Ал адамдар күн сайын оған қарап: «Әне, күн шығып келеді», «Тал түс болды», «Міне, күн батып барады» деп уақыт айырып, осы аспан сағаты бойынша ғұмыр кешетін еді. Бірақ бірте-бірте олар уақытты дәлірек білудің жолдарын ойластыра бастады. Сөйтіп, нағыз күн сағатын жасады. Циферблат орнында – беті таңбаланған дөңгелек ашық алаңқай. Сағат тілінің қозғалмайтын ұшы бекітілетін тетік орнында – алаңқайдың дәл ортасына қағылған қазық немесе биік бағана. Ал сағат тілінің қызметін осы қазықтың немесе бағананың көлеңкесі атқарады. Күн

аспан төсіндегі өз жолымен жылжи береді. Соған сай көлеңкеде ашық алаңқай бетімен шыр айналып, кәдімгі сағат тілі сияқты уақытты көрсетіп отырады.

Қазіргі кезде уақытты дәл көрсететін атомдық және молекулалық сағаттар бар.

«Негеш» кітабынан



1. Ерте заманда адамдар уақытты анықтау үшін ненің көмегін пайдаланды?
2. Уақытты күнге қарап қалай айырған?
3. Кейіннен уақытты дәл анықтау үшін қандай сағат ойлап тапты?
4. Қазіргі кезде қандай сағаттың түрлері қолданылады?



**3-тапсырма.** Берілген сұраққа жауап жаз.

Уақытты анықтау не үшін керек?



### Түсіндірме сөздік

**Айдар** – бұл жерде: құстың төбесінде өсетін бір шоқ мамық не жұмсақ қызыл ет.


**Қауырсын** – құстың қанаты мен құйрығының ұзын талшығы.

**Нарт** – шымқай қызыл, қып-қызыл.

**Циферблат** – сағаттың тілі айналып тұратын цифрлы беті.



**4-тапсырма.** Сағаттың бөлшектерін таныстырыңдар.





**1-тапсырма.** Мағжан Жұмабаев өлеңдерінен үзінділерді түсініп оқы.

### Күз

Әлсін-әлсін күн жауар,  
Әлсіз бала тез тоңар,  
Жамбасына мұз қонар.  
Лақ, тоқты қашады,  
Қойшы талқан асады.



### Қыс

Ботаға жабу кигізген,  
Бұзауды үйге кіргізген,  
Аяз, сені қайтейін!?  
Қыздың бетін қызартып,  
Мұздың мұрнын ұзартып,  
Қызыл, сені қайтейін!?



### Жазғытұрым

Керіліп ерке жер тұрар,  
Мөлдір сумен жуынар.  
Үлде менен бүлдеге,  
Түрлі түсті гүлдерге,  
Ши жібекке оранып,  
Қарағанда көз тоймас,  
Бүлдіршіндей киінер.



### Жаз келеді

Әне, ерке жаз келер,  
Ал, балалар, қараңдар...  
Сұлу жаздың лебізі  
Қар түгіл, мұзды балқытар.  
Көл, өзенін, теңізін  
Ойнатар, бәрін шалқытар.





1. Ақын күз мезгілін қалай суреттеген?
2. «Қызыл» деп автор нені айтып тұр?
3. «Бүлдіршіндей киінер» деп қай мезгілге айтылған?
4. Ақын жаз келгенде жер бетінде қандай құбылыстар болады дейді? Өлеңнен тауып оқы.



### Түсіндірме сөздік

**Тоқты** – қойдың алты айдан асқан төлі.

**Жабу** – үй жануарларын суықтан, жаңбырдан қорғау үшін жабылатын жұмсақ теріден, матадан сырылып жасалған жабдық.

**Үлде мен бүлде** – қымбат маталардың аты. *Бұл жерде:* жер беті түрлі түсті болып құлпырып тұр деген мағынада.

**Ши** – сабағы жіңішке әрі ұзын қамыс тектес өсімдік.



**2-тапсырма.** Тапсырмаларды орында.

1. *Тез тоңар, мұз қатар* сөз тіркестері қай мезгілге тән?
2. *Бұзау, ботаға* түсінік бер.
3. *Мұздың мұрнын ұзартып* дегенді қалай түсінесің?



**3-тапсырма.** Түсіндірме сөздікте берілген сөздер мен сөз тіркесінің біріне сөйлем құрап жаз.



**4-тапсырма.** Сурет бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Суреттегі әдемі гүлдер қалай аталады?
2. Туған жер біздің қамқорлығымызға неліктен мұқтаж?
3. Табиғатқа қалай қамқорлық жасайсың? Түсіндір.







Сурет пен тірек сөздерді пайдаланып, шағын мәтін құрастырып айт.



табиғат

тау

өзен




**1-тапсырма.** Әдібай Табылдының «Тау баласы» өлеңін мұқият тыңда (18-аудио).



1. Өлең кімнің атынан баяндалған? Өлеңдегі кейіпкер ауылдың баласы ма? Қаланың баласы ма?
2. «Тауда туған» дегенді қалай түсінесің?
3. Шыныққан шымыр екенін қандай тіркестер арқылы жеткізген?



**2-тапсырма.** Суреттер бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.



1. Бірінші суретте жылдың қай мезгілі берілген? Адамдар не істеп жүр?
2. Екінші суретте не бейнеленген? Бұл қай жер? Қалай аталады?



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұраққа жауап бер.



Әдібай Табылды (1926–2021) Жамбыл облысында дүниеге келген. Ақын, жазушы, ғалым. Ол – балаларға арналған «Ғажайып бақ», «Көңілді балалар», «Алыптардың алыбы», «Кенже бала», «Қуырмаш», «Қайырлы күн, балалар» т.б. кітаптардың авторы.

Автордың қандай шығармаларымен таныссың?



**4-тапсырма.** Өлең жолдарын сәйкестендіріп айт.

Тауда туған

құрамын

Тауда сайран

Алатауды сүйемін

Алма, жидек, шиелі

ұланмын



**5-тапсырма.** Суреттер мен өлең мазмұнын байланыстырып дәптеріңе мәтін жаз.





Ребусты шеш.



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Балықтар – судағы тіршілікке бейімделген жануарлар. Өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс алады. Олар мұхиттарда немесе өзен-көлдер мен суқоймаларда тіршілік етеді. Жыланбалық сияқты кейбір балықтар тұзды суда да, тұщы суда да өмір сүреді. Теңіз балықтары тұщы су балықтарынан ірілеу болып келеді.

Балықтар – түрлері ең көп тараған омыртқалы жануарлар. Балықтардың 22 000-нан астам түрі бар. Олардың үштен бір бөлігі тұщы суда өмір сүреді.

Ең үлкен балық – кит акуласы. Оның ұзындығы құйрығының ұшынан бастап жайындай үлкен аузына дейін 18 метрге жетеді.

Балықтар бүкіл денесімен әрлі-берлі қозғала отырып жүзеді. Балық салмағының 70 пайызға жуығын бұлшықеті құрайды. Балықтар белгілі бағытқа жүзу үшін өздерінің жүзу қанаттарын пайдаланады, ал құйрығындағы жүзу қанаты руль қызметін атқарады. Өзге жануарлар секілді балыққа да оттек қажет. Алайда олар суда еріген оттекті желбезектерінің көмегімен

алады. Балық ересек болған сайын қабыршақтары ірілене түседі, өйткені олар денемен бірге жетіледі.

«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан



1. Балықтар қайда тіршілік етеді?
2. Балықтардың өзге жануарлардан ерекшелігі қандай?
3. Тұзды суда да, тұщы суда да тіршілік ете алатын балықтарды ата.
4. Ең үлкен балық жайлы не айтылған?
5. Балықтардың жүзу қанаттары қандай қызмет атқарады?



### Түсіндірме сөздік

**Мұхит** – Жер шарының 70 пайызын алып жатқан, құрлықты материктерге, аралдарға бөліп тұрған су қабаты.





**Тұщы су** – тұзы жоқ, ішуге жарамды су.

**Жыланбалық** – терісі тегіс, қабыршақсыз жылан тәрізді балық. Тұрқы 3 метрге, салмағы 65 килограммға дейін жетеді.

**Желбезек** – су жануарларының тыныс алатын органы.




**2-тапсырма.** Берілген суреттерді санмен сәйкестендіру арқылы балықтардың аттарын табыңдар.

	1	→	2	алабұға
	3	→	3	албырт
	2	→	4	жыланбалық
	4	→	1	сазан



**3-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша кластер құрастыр.



**4-тапсырма.** Мәтіннен түсінгендеріңді кезектесіп айтып беріңдер.



**5-тапсырма.** Айтылым тапсырмаларын орында.

1. Балық аулауға барып көрдің бе?
2. Үйде балық өсіресің бе? Балықты үйде өсіретін туыстарың, достарың бар ма?
3. Берілген мәліметтерді оқып, есте сақта. Өзің білетін бір балыққа сипаттама бер.

*Бекіре* – еті мен уылдырығы өте бағалы, шеміршекті ірі балық.

*Табан* – республиканың барлық су алаптарына тараған, ағысы жай, нулы суларда тіршілік ететін балық.

*Шортан* – тұрқы ұзын, басы сопақша келген, аузы үлкен жыртқыш балық.



**6-тапсырма.** Үзінді қай фильмнен алынған?  
Еске түсір.



**7-тапсырма.** Жаңылтпашты жылдам оқып, жатқа айт.

Аша мұрт шаянды  
Асауға балықтар таянды.



Суреттегі құстарды атауларымен сәйкестендіріп айт. Бұлардың қайсысы жыл құстарына жатады?



торғай



сауысқан



қарға



көкқұтан



**1-тапсырма.** «Қасиетті құстар» әңгімесінен үзіндіні түсініп оқы.

Наурыздың қызыл желі соғып өткеннен соң-ақ, көп ұзамай Құмөзектегі біздің ауылға қос аққұтан ұшып келеді. Үсенәлі атайдың қамыспен жапқан ескі түйе қорасының төбесіндегі былтырғы ұяларына оралады. Жыл сайын осылай...

Аққұтандар жұбының Құмөзекті мекендегені, мекендемегені осы ауылдағы Үсенәлі атайдан басқаға бәрібір еді. Аққұтандарда ешкімнің шаруасы жоқ. Өздерімен-өздері болып тіршіліктерін жасай береді. Аққұтандардың да ешкімде шаруасы болмайтын. Жұмыртқа салып, ұя басардың алдында екеулеп жүріп, ұяның ішіне «жөндеу» жұмыстарын жүргізеді. Одан соң осы жұмыстардың ара-тұрасында қосарлана ұшып, көл жағасына барып қонады. Жағадағы қоғалы, балдырлы таяздардан аяқтарын серең-серең көтеріп, қорек іздейді. Олардың қорегі – көлбақалар мен ұсақ итшабақтар. Ал мұндай қоректер бұл көлде қанша қажет болса, соншаға жетіп артылады.

Ұябасар да, ата аққұтан да ұяға жұмыртқа салғаннан кейін кезектесіп ұшып, қоректенеді. Жұмыртқаларын ыстық бауырларына кезектесіп басады. Ұябасар аққұтан үш түйір жұмыртқа салады. Аққұтандар тұмсығының сыртылы – өзгеше бір әуен. Құмөзек ауылына сән беретін өзгеше бір ән.

Аққұтандар ұшып кеткеннен кейін тура бір жұма өткен соң, қара жаңбыр мезгілі басталады. Ал енді көктемде қызыл жел басылғаннан кейін, аққұтандар ұшып келеді. Жыл сайын осылай.

*Мәди Айымбетов*



1. Аққұтандар қай кезде ұшып келеді? Олар қай жерге оралады?
2. Олардың мекені қалай аталады?
3. Көктемгі тіршілігі қандай?
4. Аққұтандар ұшып келгенде ауа райында қандай өзгерістер болады? Ұшып кеткенде ше?



**2-тапсырма.** Суретке зер салып қара.

1. Аққұтанның сыртқы бейнесін сипаттап айт.
2. Аққұтан қандай құсқа ұқсайды?
3. Басқа қандай құс туралы білесің?



### Түсіндірме сөздік

**Аққұтан** – денелі, аяғы ұзын, топшысында әдемі қауырсыны бар жыл құсы.

**Қоға** – су жиегінде өсетін бойшаң өсімдік.

**Итшабақ** – ұсақ балықтар.



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Мәди Айымбетов 1946 жылы Қостанай облысында туған. Белгілі қазақ қаламгері, аудармашы. Оның «Дүние керуен» романы, балаларға арналған «Тәтті мұң», «Құм киесі», «Бар болғаны он төрт жас», «Күнікей», «Көлге шомылған ай» және т.б. әңгіме, повестері бар.

1. Жазушы қай жерде дүниеге келген?
2. Қандай әңгіме, повестері бар?



**4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

Сұрақтар	Иә	Жоқ
Құмөзектегі біздің ауылға аққұтандар ұшып келеді.		
Олардың қорегі – көлбақалар мен ұсақ итшабақтар.		
Ұябасар аққұтан бір жұмыртқа салады.		
Қара жаңбыр аққұтандар ұшып кеткеннен кейін басталады.		



**5-тапсырма.** Өзіңе ұнайтын құстардың бірі туралы жаз.



**6-тапсырма.** Жұмбақтың шешуі қай құс?

Үйде отырады, жатпайды,  
Көзін терімен қаптайды.  
Жазда бекер тұрса да,  
Бергенді қыста ақтайды.

тырна

бүркіт

аққу

бірқазан

қоқиқаз

көкек

түйеқұс





Торкөзден қала атауларын тап. Еліміздің ірі қалалары жайлы не білесің?

н	ұ	р	с	ұ	л	т	а
т	ү	и	к	б	с	т	н
п	р	т	у	к	д	щ	ө
а	л	м	а	т	ы	ь	ю
п	б	ы	ц	й	н	л	ж



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп оқып, жаттап ал.

Алматы – астанам,  
Алматы – бас қалам.  
Ардақтап атыңды  
Аузымнан тастаман.

Күмбездей көгіңнен  
Күн нұры төгілген.  
Тауың бар айшылық  
Жерлерден көрінген.

Түріңнен түр артпас,  
Гүліңнен гүл артпас.  
Кім сенің ал қызыл  
Алмаңа құмартпас?

Көшең бар кеңейген,  
Үйің бар көбейген.  
Келген жан, көрген жан  
Қайтады көп оймен.

Мектебім осында,  
Осында досым да.  
Осында ойнаймын  
Қолымның босында.

Алматы – тұрағым,  
Талай жыл тұрамын.  
Үніне, күйіне  
Үйренген құлағым.

*Сағынғали Сейітов*



1. Өлеңде қай қала туралы айтылған?
2. Алматы қаласының ерекшелігін айт. Несімен әйгілі?
3. Қаланың әдемілігін автор қандай сөздер арқылы жеткізген?



**Түсіндірме сөздік**

**Айшылық** – өте алыс, шалғай.

**Құмарту** – бұл жерде: арман ету, көксеу, қызығу.



**2-тапсырма.** Берілген суретке қарап, өлеңде айтылған көріністі тап. Өз сөзіңмен әңгімелеп бер.



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Сағынғали Сейітов (1917–2007) Батыс Қазақстан облысында туған. Белгілі қазақ ақыны, аудармашы, ғалым. «Жаңғырық», «Өрден өрге», «Бала тілі балдан тәтті», «Бүлдіршін» атты жыр жинақтарының авторы. С.Сейітов – соғыс ардагері.

1. Ақынның қандай жыр жинақтарын білесің?
2. Сағынғали Сейітов туралы досыңа айтып бер.



**4-тапсырма.** Берілген тіркестерді дұрыс орналастыру арқылы өлең жолдарын құрастырып оқыңдар.

Күмбездей көгіңнен

Жерлерден көрінген.

Түріңнен түр артпас,

Күн нұры төгілген.

Тауың бар айшылық

Гүліңнен гүл артпас.



**5-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдаланып, Алматы қаласын сипаттап жаз.

әсем

Медеу

қала


зәулім

ғимараттар

Алматы



*Отан* сөзінің мағынасын сызбаға қарап айт.



**1-тапсырма.** Жақан Смақовтың «Отан» өлеңін мұқият тыңда (19-аудио).



- Өлеңде туған жер табиғаты қалай сипатталған?
- Ұлы *Отан* деп неліктен айтылған?



### Түсіндірме сөздік

**Қауыз** – бұл жерде: гүл басының жұқа қабы, гүл жапырақшасы.

**Көкпеңбек** – ашық көк, тым көк.

**Асқар** – бұл жерде: таудың ұшар басы, шыңы.



**2-тапсырма.** Жұппен орындайық!

- Берілген мақал-мәтелдерді сәйкестендіріп оқы.

Отанды сүю

Отан оттан да

Отансыз адам –

Әркімнің өз жері –

Туған жердің ауасы да

отбасынан басталады


ыстық

шипа

жұмақ

ормансыз бұлбұл

2. Гүл мен тауға қатысты атауларды топтастырыңдар.



қызғалдақ

раушангүл

Алтай

Тянь-Шань

Алатау

бәйшешек



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.





Жақан Смақов (1932–1975) Жаңарқа өңірінде дүниеге келген. Белгілі балалар ақыны. «Сәбилерге сәлемдеме», «Қаз-қаз бас», «Күлдірген», «Сылдырмақ», «Бақ-бақ» (өлеңдер мен ертегілер) және т.б. кітаптардың авторы.

1. Жақан Смақов қай жерде дүниеге келген?
2. Ақынның қандай кітаптары бар?



**4-тапсырма.** Суретке зер сал.



1. Әр суретке ат қой.
2. Бәрі де Қазақстанның жері ме? Қай жерлер екенін айт.
3. Қазақстанның басқа қандай көрікті жерлерін білесің?
4. Өзің барып көрген жерлер туралы әңгімелеп бер.



**1-тапсырма.** Өтірік өлеңдерді түсініп оқы.

Ақ тауыққа мініп ап,  
Айға жеттім зымырап.  
Құйынынан тауықтың  
Кетті бұлттар ыдырап.

\*\*\*

Сүтін сауып торғайдың  
Жетім тайды өсірдім.  
Аққу жегіп арбаға,  
Бүкіл елді көшірдім.

\*\*\*

Инеменен жер қазып,  
Су шығардым шөл жерге.  
Елекпенен құм тасып,  
Бөгет салдым көлдерге.

\*\*\*

Мініп алып құртқа  
Өрмеледім бұлтқа.  
Алып келіп Айды,  
Көрсеттім көп жұртқа.

\*\*\*

Құмырсқаға қой бақтырдым,  
Жапалаққа жайдақ міндім.  
Тумай жатып тілім шығып,  
Өлең айтып сайрап тұрдым.



1. Бұлар неліктен өтірік өлеңге жатады?
2. Шындыққа жанаспайтын қандай оқиғалар туралы айтылған?



## Түсіндірме сөздік

**Құйын** – ұйтқи соғатын екпіні қатты жел.

**Жайдақ** – бұл жерде: ер-тоқымсыз.

**Өтірік өлең** – қазақ ауыз әдебиетіндегі өмір құбылыстарын шындыққа жанаспайтындай етіп айтатын өлең түрі.



**2-тапсырма.** Берілген өтірік өлеңдерден бірнеше өтірік әрекетті таңдап алып, өтірік екенін дәлелдеп жаз.



**3-тапсырма.** Тапсырманы орында.

1. Өтірік өлеңде айтылған жануарларды атауларымен сәйкестендір. Қандай өтірік ұйқастар болғанын қара-сөзбен әңгімеле.



жапалақ

құмырсқа

тай

торғай

аққу

құрт

тауық

2. Өтірік өлең құрастырып айт.

## 92-сабақ. Шығарма

**1-тапсырма.** Берілген үзінді қай мәтіннен алынған?

Дала кең, әдемі кілем төсеп тастағандай ал қызыл қызғалдақтар жайқалып тұр. Жасыл желек шөптер мен гүлдердің хош иісі көңіл күйіңді көтеріп, жүгіріп, секіріп, ойнақтай бергің келеді.

Шілде

Киік лағының мұңы

Кемпірқосақ

**2-тапсырма.** Өтірік өлеңді тиісті суреттермен толықтырып айт.


Ақ ... мініп ап,  
Айға жеттім зымырап.

Сүтін сауып ... ,  
Жетім тайды өсірдім.

Мініп алып ... ,  
Өрмеледім бұлтқа.



**3-тапсырма.** Суретке қарап, шілде айын дәптерге сипаттап жаз. Суретке ат қой.



**4-тапсырма.** Берілген жұмбақтың жауабын тап.

Аспаннан домалап,  
Көп моншақ төгілді.  
Бусанып жон-алап,  
Терледі, керілді.



**5-тапсырма.** «Дұрыс жауабын тап» ойыны.

1. «Жапалақ» өлеңінің авторы кім?
  - а) Өтебай Тұрманжанов;
  - ә) Бейімбет Майлин;
  - б) Қастек Баянбай.
2. «Тауың бар айшылық  
Жерлерден көрінген» деген үзінді қай өлеңнен?
  - а) «Шілде»;
  - ә) «Алмабектің өлеңі»;
  - б) «Кемпірқосақ».

**6-тапсырма.** Ақпараттың дұрыс-бұрысын анықта.

Ақпараттар	Дұрыс	Бұрыс
Ұябасар аққұтан бес түйір жұмыртқа салады.		
Жыланбалық сияқты кейбір балықтар тұзды суда да, тұщы суда да тіршілік етеді.		
Қазақ шөпті белорақпен шабады.		
Суықторғайлар шатырдың төбесін, қораның қалтарысын паналайды.		





## 8. САЯХАТ

94-сабақ

Ғарышкер



Берілген суреттен кімді көріп тұрсың? Ол жайында не айта аласың?



**1-тапсырма.** Сұлтан Қалиевтің «Тұңғыш қазақ ғарышкер» өлеңін мұқият тыңда (20-аудио).



**1.** Өлең кім жайында? Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім? Тағы қандай ғарышкерлерді білесің?

**2.** Өлеңде Тоқтар Әубәкіровтің ерлігі жайында не айтылған? Өз сөзіңмен әңгімеле.



**2-тапсырма.** Сурет бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.



1. Суреттегі кімдер? Толық аты-жөндерін ата.
2. Ғарышкер болғың келе ме?



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Сұлтан Қалиев (1943–2018) Жамбыл облысында туған. Белгілі балалар ақыны. «Мен мектепке барамын», «Әйт, шүү, тұлпарым», «Сәлем саған, мектебім», «Кішкентай астрономдар» атты кітаптары бар.

1. Автордың қандай кітаптары бар?
2. «Тұңғыш қазақ ғарышкер» өлеңі ұнады ма?



**4-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

1. Орны ауысқан сөйлемдерді дұрыс байланыстыру арқылы мәтін құрастырып жаз.

1991 жылы қазанның 10-ында ғарышкемен

Жерге оралды

Ғарышта өткізген мерзімі –

қазақтың тұңғыш ғарышкер ұшқышы


7 күн 22 сағат 13 минут

Тоқтар Әубәкіров –

2. «Ғарышкер – ең батыл адам» тақырыбы бойынша өз пікіріңді жаз.



Менің ойымша ...



Себебі ...



Мен оны былай дәлелдеймін ...



Қорыта келгенде ...



Суреттегі балықтардың атауларын есіңе түсір.



**1-тапсырма.** «Шортан» әңгімесінен үзіндіні түсініп оқы.

Мезгіл май айының аяғы. Оқуды бітіріп, үшінші сыныпқа көшіп көңілдері бірдемделген бұлар, енді анадай мейірімді табиғат құшағында емін-еркін сайрандап сейіл құрмақ. Уақыт түске тармасқан шақ. Көктемнің мейірімді күні балақандардың шекесін шып-шып терлетіп жібергенге ұқсайды.

Бұлар жағалап келе жатқан суы мол, ағыны күшті өзеннің аты – Телғара. Қырдың тақтайдай тегіс даласының жонын таспадай тіліп жол салып, құм арасындағы құрдымға жеткенше бір тынбай, асығады да жатады.

Балықтың қызығымен ауылды ұмытқан. Өзеннің балдыр, шалаудан таза ақ қайыр жеріне жетті. Қызылқұрт салған қалбырлары мен шегіртке қамаған шырпы қораптарын көк балауса үстіне қойды. Бауын тарқатып болысымен, қармақтарын суға шолп-шолп лақтыра бастады. Әртүрлі заттан – тығыннан, ағаштан, қамыстан, қоғадан жасалған төрт қалтқы су бетінде іркіс-тіркіс қалқыса, өзеннің жағасында жасыл қоға арасынан төрт қара домалақ бас қылтияды.

Ілезде-ақ судан шығып, жерге түскенше тыпыршыған алабұға, ақбалықтың жерге томп-томп ұрылған үні де естіле бастады. Бір кезде:

– Жалтырауығымды лақтырайын, іліп кетер, әрірек тұршы, – деді Кеуіл қасындағы Сисенге.

– Мен қайда барам? Мына жағымда аналар бар ғой, – деп, ол тыңдамады.

– Ей, әрірек ығысыңдаршы, мен жалтырауық са-  
лайын, – деп, Кеуіл қалған екеуіне естірте дауыстады.

Өтебай Қанахин



1. Мәтінде қандай өзен жайында айтылған?
2. Өзеннің балығы мол екенін қай сөйлемнен білуге болады? Тауып оқы.
3. Мәтін кейіпкерлері кімдер? Олар өзенге не үшін келді?
4. Олар өздерімен бірге не алып келді?



### Түсіндірме сөздік

**Сейіл** – серуен, демалыс.

**Тармасқан** – бұл жерде: жақындаған, таяу қалған.

**Қайыр** – бұл жерде: өзен-көлдердің, теңіздердің таяз жері, құмды жағалауы.

**Жалтырауық** – бұл жерде: ақ қаңылтырдан балық тәріздес етіп жасаған құрал.



**2-тапсырма.** Ақпаратпен таныс.



Өтебай Қанахин (1923–1990) Ақ-төбе облысында туған. Қазақтың белгілі жазушысы. Ол – «Мұрагер», «Жас дәурен», «Дәмелі», «Құдірет», «Ата қоныс» және т.б. кітаптардың авторы. Балаларға арналған «Нан», «Шортан», «Кемпірқосақ» т.б. әңгімелері бар.

Ө.Қанахиннің әңгімелерін ата.



**3-тапсырма.** Синонимдерді сәйкестендіріп жаз.

тынышталу

серуендеу

таяу қалған кез

сейіл құру

тармасқан шақ

бірдемделу



Жұмбақтың шешуін тап.

Су ішінде екі жайын,  
Бірі кетсе, бірі дайын.



**1-тапсырма.** «Дымбілместің Айға саяхаты» ертегі-романынан үзіндіні түсініп оқы.

Достар қол ұстасып шлюз камерасынан шықты да, сатымен төмен түсіп, Айдың бетінде алғашқы қадам жасады. Көз алдарынан ашылған сурет оларды еріксіз таңырқатып, баурап алды. Төменде, аяқтарының дәл астында, теңіздің ирек-ирек баяу толқынын еске түсіретін, бірақ қозғалмай қатып қалған алқап жатты.

Оң жақта да, біздің жолаушыларға жап-жақын жерде, оттай жанған қызыл таулар тұрды. Олар бейне бір тасқа айналған теңіз түбінен атылып шығып, сүйір шыңдарын көкке соза қатып қалғандай көрініп кетті.

Дымбілмес пен Томпи арттарына қараған. Онда да алыстан тау тұлғасы мұнартып көзге шалынды. Бұл таулар жер бетінде көшіп жүретін ақша бұлттарды еске салғандай еді, әрі мақтадан жасалғандай жеп-жеңіл болып елестеді.

Ақша бұлтқа ұқсас таулардан беріректе конусқа немесе пирамидаға ұқсайтын жалғыз тау қарауытады. Оның етегінен басталатын соқпақ жол жіп-жіңішке сәулеге ұқсап, ракета қонған төбеге дейін созылып жатыр. Ол соқпақ Айдың тастақ бетіне біреу әдейілеп құм немесе бор сеуіп қойғандай шалынады.

– Мұның өзі, меніңше, тегін емес, – деді Дымбілмес Томпиға. – Ана пирамиданы орнатқан Ай тұрғындары болса керек. Мына жол – солардың іздері. Біз, алдымен, пирамиданы зерттеуге тиіспіз. Сен қалай қарайсың?

Дымбілмес сұрағына жауап тосып тұрмастан Ай соқпағына қарай адымдай жөнелді. Өз пікірін айтуға үлгермеген Томпи алақанын жайып, иығын қиқаң еткізді де, Дымбілместің соңынан ерді.

*Николай Носов*



1. Айдың беті қандай екен?
2. Ай бетіндегі таулар қандай? Олар неге ұқсайды?
3. Мәтін кейіпкерлері кімдер? Олар ең бірінші нені зерттемек болды?
4. «Ай соқпағы» дегенді қалай түсінесің?
5. «Алақанын жайып, иығын қиқаң еткізген» қай кейіпкер?



**2-тапсырма.** Суретке зер сал.



1. Сурет пен мәтінде ұқсастық бар ма?
2. Суреттен кімдерді және нелерді көріп тұрсың?



## Түсіндірме сөздік

**Шлюз** – ғарышкеменің ішкі ауасын сыртқы ғарыштық вакуумнан бөліп тұратын құрылғы. Адам ғарышкемеден сыртқа шыққанда немесе сырттан ғарышкеменің ішіне кіргенде осы құрылғы арқылы өтеді.

**Ракета** (зымыран) – реактивті күш әсерінен қозғалатын ұшу аппараты.

**Соқпақ** – жүріп, әбден тапталған жалғызаяқ жол.



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.

Николай Николаевич Носов (1908–1976) Украинада дүниеге келген. Кеңестік атақты балалар жазушысы. Ол – «Дымбілмес және оның достарының оқиғасы», «Дымбілместің Айға саяхаты», «Дымбілмес Күн қаласында», «Тапқырлар», «Жанды қалпақ» т.б. кітаптардың авторы.




1. Автордың қандай кітаптары бар?
2. Дымбілмес туралы мультфильмдерді көрдің бе?



**4-тапсырма.**

1. Суретте берілген фигуралардың ішінен пирамида мен конусты көрсетіңдер (мұғалімнің көмегімен).



2. Дымбілместің басынан өткен бір оқиғаны айтып бер.
3. Дымбілмес деп не үшін аталған?



**5-тапсырма.** Мәтіннен Дымбілместің сөздерін тауып жаз.



Берілген тірек сөздер арқылы жаз мезгілін сипаттап айт.

жайнаған

аққу, қаз

қызғалдақ

жұпар иіс



**1-тапсырма.** Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы.

Саяхаттап келеміз  
Туған жердің төрінде.  
Көкке жетіп төбеміз,  
Ән келеді көңілге.

Маңырайды мәз болып,  
Малымыздың төлдері.  
Қырда қызыл қызғалдақ  
Жұпар иісін шашады.

Аққу, үйрек, қаз қонып, Қырдағы егін – тұнған бақ,  
Күйге толған көлдері. Жайқалады масағы.

*Әбдірахман Асылбек*



1. Неліктен туған жер төрінде саяхаттау адамның көңіл күйін көтереді?
2. Көл маңы қандай құстардың әуеніне толы?
3. Малдың төлдері жайлы не айтылған?
4. Қырдың қызғалдақтары несімен көрікті?



**2-тапсырма.** Сурет бойынша төмендегі сұрақтарға жауап бер.





1. Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?
2. Табиғат көрінісінен басқа не байқадың? Олар туралы не білесің?
3. Табиғат пен суреттегі жанды-жансыз нәрселерді байланыстырып баяндап бер.



### Түсіндірме сөздік

**Саяхат** – бұл жерде: бой жазу, демалыс ретінде өткізілетін серуен, сейіл.

**Маңырау** – ұсақ малдың үйірін, төлін, енесін іздеп дыбыс шығаруы.

**Масақ** – егіннің дәнді басы.




**3-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін суреттен тауып, атауын айт.

Ұзын мұртты сарылар,  
Қойнында дәні бар.



**4-тапсырма.** Кластерді толтырып, дәптерге жаз.





Құсжолы жайлы не білесің?



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Көк ғылымын зерттеген оқымыстылардың жоруынша, Құсжолы – жұлдыздарымыз тұрған дүниенің ең арғы шегі. Құсжолы дөңгеленіп бір ұшы екінші ұшына жалғасып жатыр. Сол дөңгелек ортасына жұлдыздар себілген. Құсжолының ар жағында еш нәрсе көрінбейді. Біздің Күніміз барлық қосшыларымен сол дөңгелектің ішінің бір бүйіріне таман тұр. Және маңында жуық жұлдыздар жоқ. Кейбір жұлдыздар топтанып тұр. Әсіресе Құсжолында топтанған шоғыр жұлдыздар көп.

Құсжолы өз алдына бір дөңес болып айналатыны, айналмайтыны белгісіз, бірақ ретіне қарағанда шүлдігін айналуға тиіс. Бұл күнде Құсжолының мәшиінемен сүгіретін салып алып зерттейді. Болашақта талай заман өткен соң, ұрпағымыз біздің салған сүгіреттерімізбен өздерінің көкте көргенін салыстырып, қорыту шығаруға шамасы келер.

*Ахмет Байтұрсынұлы*



1. Құсжолы неліктен дүниенің арғы шегі деп аталады?
2. Дөңгелек ортасында нелер себілген?
3. Құсжолында қандай жұлдыздар көп?
4. «Құсжолының мәшинемен сүгіретін салып алып зерттейді» дегенді қалай түсінесің?



### Түсіндірме сөздік

**Оқымысты** – көп оқыған білімпаз адам, ғалым.

**Құсжолы** – жыл мезгіліне қарай орын ауыстырып отыратын аспандағы ақ жолақ; алыс жұлдыздар сілемі.

**Сүгірет** – сурет.

**Шүлдік** – диірмен тасының ортасындағы қада темір; бұл жерде: ортасы, өзегі деген мағынада.



**2-тапсырма.** Берілген сөздердің ішінен аспан денелерін тауып айтыңдар.

Темірқазық	Шынар	Жеті қазына	Шолпан
Топырақ	Мұхит	Жетіқарақшы	Ай
Құсжолы	Комета	Жеті ата	Қарақұс



### 3-тапсырма

1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып айт. Есіңе сақта.

Құсжолы құрамына Күн жүйесі және көптеген жұлдыздар енетін алып ... . Ол шамамен екі жүз миллиард ... , сондай-ақ жұлдыз шоғыры мен тобынан, ... .. тұрады.

*Керекті сөздер:* жұлдыздан, галактика, газ бен тозаңнан.

2. Түнгі аспаннан Құсжолын көрдің бе? Көргеніңді баянда.



Гулливер туралы мультфильм көрдің бе? Гулливер деген кім?



**1-тапсырма.** «Гулливердің саяхаттары» романынан үзіндіні түсініп оқы.

Қараша айының бесі күні (сол жақтың жазы қарашада басталады екен) ауа райы бұзылған үстіне бұзылып, теңіз бетін қою тұман басты. Осы уақытта кемеге таяу жерден бір жақпартас көрінді. Сұрапыл дауыл кемеңі ұршықша үйірген бойы айдап әкеліп, тұп-тура тасқа соқты да, көзді ашып-жұмғанша кемеңің талқаны шықты. Экипаждан менімен алты адам қайыққа отырып алып, шамалауымша, үш мильдей жер естік. Одан ары ескек есуге шамамыз келмеді. Өйткені кемеде тынбай жұмыс істегендіктен әбден қажып, болдырған едік. Ескек есуді тоқтатып, жел мен толқынның ықпалына берілдік. Арада жарты сағат өтпей-ақ солтүстіктен кенет құйынды дауыл қайықты аударып жіберді. Өзіммен бірге қайыққа мінгендердің де, сондай-ақ жартасқа шығып бассауғалаған және кемеде қалғандардың да не күйге ұшырағанын білмеймін. Мен болсам, жалданған толқын мен желдің айдаған бағытымен басымның ауған жағына қарай малтып кете бердім. Аяғым жерге тиер ме екен деп әлденеше рет бойлап та қарадым, тек суға батып тұншыққаннан басқа нәтиже шықпады. Ақырында, әбден дәрменім құрып, бұдан әрі толқынмен алыса алмайтын халге жеткен кезде, дауыл да бәсеңси түсті. Осы арада аяғымның ұшы жерге тиген тәрізді болды.

Теңіз жиегі өте тайыз, жайдақ екен. Суды жалдап жүріп отырып жағаға шықтым. Уақыт кешкі сағат тоғыздың шамасы болды.

*Джонатан Свифт*



1. Ауа райы қай кезде бұзыла бастайды?
2. Кеменің аударылуына не себеп болады?
3. Кеме аударылғаннан соң кемедегі экипаж қандай қиыншылыққа тап болды?
4. Гулливер жағаға қалай шықты?



### Түсіндірме сөздік

**Экипаж** – кеменің жеке құрамы.

**Миль** – қашықтық өлшемі.

**Ескек** – қайық жүргізу үшін суды есуге арналған сабы ұзын, қалақшаға ұқсас құрал.

**Бассауғалау** – қашу, қорғаныш іздеу, басын қорғау.



**2-тапсырма.** Суретке қарап сұрақ-тапсырманы орында.



1. Мәтін мен суреттегі көріністе ұқсастық бар ма?
2. Суретте берілген Гулливердің бейнесі қандай? Сипатта.
3. Гулливерге ұқсас қандай кейіпкерлерді білесің?



**3-тапсырма.** Ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап бер.



Джонатан Свифт (1667–1745) Ирландияда дүниеге келген. Белгілі ағылшын жазушысы, ақын, сатирик. Оның «Бөшке ертегісі», «Кітаптар айқасы» т.б. шығармалары бүркеншік атпен шыққан. Ол – төрт бөлімнен тұратын атақты «Гулливердің саяхаттары» атты кітаптың авторы. Бұл – әлемде ең көп оқылатын классикалық туынды.

1. Тағы қандай шетелдің балалар жазушысын білесің?
2. Шытырман оқиғалы мультфильмдер ұнай ма?



**4-тапсырма.** Жұмыс дәптеріне орында.

Ақпараттардың дұрыс/бұрысын белгіле.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Миль – қашықтық өлшемі.		
Кеме немесе автобус жолаушыларын экипаж деп атайды.		
Теңіз ісінде миль өлшем бірлігі қолданылады.		
Кеменің жеке құрамын экипаж дейді.		



**5-тапсырма.** Бүгін оқыған шығарманың соңы қалай аяқталғанын баяндап бер.

**100, 101-сабақтар. Қорытынды**

**1-тапсырма.** Таңғажайып оқиғаларға, керемет саяхаттарға арқау болған балаларға арналған фильмдерді білесің бе? Еске түсіріп көр.

**2-тапсырма.** Дымбілмес туралы жазған кім?

- а) Өтебай Қанахин;                      ә) Ахмет Байтұрсынұлы;  
б) Николай Носов;                      в) Джонатан Свифт.

**3-тапсырма.** «Тұңғыш қазақ ғарышкер» өлеңінде қай ғарышкер туралы айтылған?

**4-тапсырма.** Берілген үзінді қай мәтіннен алынған?

Бұлар жағалап келе жатқан суы мол, ағыны күшті өзеннің аты – Телғара. Қырдың тақтайдай тегіс даласының жонын таспадай тіліп жол салып, құм арасындағы құрдымға жеткенше бір тынбай, асығады да жатады.

Шортан

Жазғы саяхат

Гулливердің саяхаты

**5-тапсырма.** Дымбілмес пен Томпи қай мәтіннің кейіпкерлері?

Айдағы алғашқы күн

Шортан

Құсжолы

Жазғы саяхат

**6-тапсырма.** Берілген өлең жолдарын ретімен орналастырғанда қай өлең шумағын құрастыруға болады?

Ән келеді көңілге

Туған жердің төрінде

Көкке жетіп төбеміз

Саяхаттап келеміз

**7-тапсырма.** Дымбілмес пен Томпидің қасиеттерін салыстыр.

Дымбілмес

Ұқсастығы

Томпи

## ТЫҢДАУҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР

### 51-сабақ. Салақ

#### 9-аудио (8-бет)

Салақ, салақ, салақсың;	Кейде қара күйесің;
Өз үйіңе қонақсың;	Кейде қызыл далапсың;
Таза емессің, кір-кірсің;	Әй, салақсың, салақсың.
Ақ емессің, жолақсың;	

*Қадыр Мырза Әлі*

### 54-сабақ. Тазалық

#### 10-аудио (16-бет)

Сыпырғыш ап сыбанып,	Жалтырайды сырлы еден
Шаң-тозаңды құдым кеп.	Сырлағандай лакпен.
Шүберек ап, су алып,	Бір жалған жоқ сөзімде,
Сырлы еденді жудым кеп.	Еден айна сияқты.
Бір дақ таппай бөлмеден,	Үйге енді өзім де
Әне, күліп тұр әпкем.	Сүртіп кірем аяқты.

*Қадыр Мырза Әлі*

### 57-сабақ. Дененің саулығын сақтау үшін

#### 11-аудио (25-бет)

Жуынғанда тұла бойдағы кір кетеді. Терінің бітеліп қалған тесіктері ашылады. Адамның терісі көнпісті болып жарайды. Сондықтан жиірек жуын. Жылы суда кір жылдамырақ ериді. Сабын жылдамырақ көпіреді. Салқын судан гөрі жылы су денедегі кірді жылдамырақ кетіреді. Өте жылы су, әсіресе күнде жуынғанда адамның қанын тасытып, денесін босатып,



нәзіктендіріп жібереді. Бұл есінде болсын. Жылы суға иә моншаға түскеннен кейін денеңді жаймен бірте-бірте салқындатып, суықтан сақтан.

Шомылып шыққаннан кейін үстіңді таза орамалмен (сүлгі) иә жаймамен әбден сүртіп құрғат.

*Міржақып Дулатұлы*

## **60-сабақ. Ұлттық сусындар**

### **12-аудио (30-бет)**

Қышқылтым шұбат	Шұбат бұл аппақ,
Жүр маған ұнап.	Ішеді ел мақтап.
Ішемін күнде	Түйенің сүті ол
Әжемнен сұрап.	Ашытқан баптап.

*Ермек Өтетілеуов*

## **63-сабақ. Ертегі оқыған соң...**

### **13-аудио (34-бет)**

Батыр болсам ертегілер елінде,  
Ие болсам өзім үлкен сенімге.

Кисем сауыт, дулығаны айдарлы,  
Жігіт болсам асып туған айбарлы!..

Жеңу үшін елге шапқан жауды мен  
Дос етемін Ер Төстікті, алдымен.

Дос қылмаймын қоян жүрек әркімді,  
Шақырамын Алпамысты, Тарғынды...

Шығам мініп тұлпар туған бір атқа,  
Қарсы келер жан табылмас бірақ та!

*Бейсебай Кірісбаев*

## 68-сабақ. Ақ бата

### 14-аудио (46-бет)

Ақтан сөзді терейін,  
Ақ батамды берейін.  
Біздің мынау ауылға,  
Осы отырған қауымға  
Тәңір өзі жар болсын,  
Ағайын-жұрт бар болсын!  
Қона берсін бақ-дәулет,  
Құра берсін сән, сәулет!

Ашық болсын күндері,  
Жарық болсын түндері!  
Алға бассын қадамы,  
Аман болсын адамы!  
Шаңырақтың ал мына  
Мал қосылсын малына,  
Жан қосылсын жанына,  
Таңы ұлассын таңына!  
Әумин!

*Ермек Өтетілеуов*

## 71-сабақ. Сарқыт

### 15-аудио (53-бет)

Әдетте, тойға барған адам ішіп-жеген ас, көрсетілген құрметпен қатар, түрлі сый-сияпатқа ие болады. Тойдан оралғанда өзінің көрші-көлем, дос-жолдастары, жеңгелері: «Сарқыт, сарқыт!» – дейді.

Сонда тойға барып келген кісі той иелері өзіне кигізген киім, тағы басқа заттарды оларға бөліп береді.

*Фариза Оңғарсынова*

## 74-сабақ. Жүн сабау. Киіз басу

### 16-аудио (59-бет)

Жаңа жұмыс шығарып,  
Жүреді әжем күн санап.  
Қос білегін сыбанып,  
Отыр бүгін жүн сабап.

Сілтеп қалып сабауды,  
Жүнді қоса аударып,  
Құлаштап кеп сабайды  
Отырғандай шаң қағып.

*Қастек Баянбай*

## **84-сабақ. Сағат**

### **17-аудио (77-бет)**

Әтеш те «сағат», бірақ ол – өзгеше тірі сағат. Бағзы замандарда қазіргідей сағаттар болмаған. Бірақ уақытты біліп отыру адамдар үшін міндетті түрде қажет еді. Міне, сол кезде оларға алтын айдарлы, әсем қауырсынды әтештер көмекке келді. Олардың белгілі бір уақыттан айнымай шақыратын қасиеті бар. Елең-алаңнан ағаш басына шығып алып, қиқу салып тұрғандары: «Кука-реку-у! Мейірімді жандар-ау, ояныңдар ұйқыдан. Таң атып қалды!» Мұны естіген жұрт тез жиналып, күнделікті жұмыстарына кіріскен.

*«Негеш» кітабынан*

## **86-сабақ. Тау баласы**

### **18-аудио (81-бет)**

Тауда туған ұланмын,  
Тауда сайран құрамын.  
Алма, жидек, шиелі  
Алатауды сүйемін.  
Гүлді таңдап теремін,  
Гүлден десте өремін.

Шығып сонау құздарға,  
Шынығамын мұз, қарда.

*Әдібай Табылды*

## **90-сабақ. Отан**

### **19-аудио (91-бет)**

Гүлдердің ертемен  
Қауызын ашқанын,  
Көктемнің көкпеңбек,  
Мөп-мөлдір аспанын,  
Таулардың қол жетпес асқарын –  
Ұнатам бәрін де,  
Өйткені ол Отан –  
Ұлы Отан.  
Бәрін де, бәрін де ұнатам,  
Өйткені ол Отан –  
Ұлы Отан.

*Жақан Смақов*

## **94-сабақ. Ғарышкер**

### **20-аудио (97-бет)**

Әубәкіров ағаның  
Даңқы көкке самғаған.  
Тоқтар аға  
Гагарин  
Салған жолды жалғаған.

Тоқтар ағам – жан ағам  
Бұрыннан да ер еді.  
Менің батыр ағадан  
Аумай қалғым келеді.

*Сұлтан Қалиев*

## Глоссарий

**Әңгіме** – оқиғаны баяндап айтуға негізделген, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма.

**Бата сөз** – әлем халықтарында кездеседі, тым көне дәстүр. Бата – ата-ана мен ақсақалдардың, ел ағаларының тілегі.

**Бунақ** – өлең тармағының (жолының) ырғақпен айтылуы. Өлеңнің бір тармағы бір не бірнеше бунақтан тұрады.

**Диалог** – әдеби шығармада екі немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі.

**Жаңылтпаш** – балалардың тілін жетілдіру, жаттықтыру мақсатындағы ауыз әдебиетінің бір түрі.

**Кейіптеу** – әртүрлі табиғат құбылыстарын, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл.

**Мысал** – өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін шағын көлемді көркем шығарма.

**Өтірік өлең** – қазақ ауыз әдебиетіндегі өмір құбылыстарын шындыққа жанаспайтындай етіп айтатын өлең түрі.

**Портрет** – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

**Сюжет** – шығармадағы өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі.

**Теңеу** – көркем шығармада затты, құбылысты басқа затпен, құбылыспен салыстыру арқылы бейнелеу. Теңеу *-дай; -дей; -тай; -тей* жұрнақтары арқылы жасалады.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Айымбетов М.* Нәзік жаңғырық: Хикаяттар мен әңгімелер. Алматы: ҚазАқпарат, 2006.
2. *Ақыпбекұлы Ө.* Спорттық әліппе. Алматы: Баур, 2001.
3. *Алтынсарин Ы.* Қазақ хрестоматиясы. Алматы: Білім, 2007.
4. *Асылбек Ә.* Балбұлақ. Өлеңдер, ертегілер. Алматы: Рауан, 2000.
5. *Байтұрсынұлы А.* Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ел-шежіре, 2013.
6. Балаларға тарту. Өңд. *М.Әбділдаева.* Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017.
7. *Баянбаев Қ.* Таңдамалы шығармалары. 2-том. Алматы: Балалар әдебиеті, 2007.
8. *Дулатов М.* Алты томдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: Мектеп, 2013.
9. *Дүйсенбиев Ә.* Мықты болсам егер мен. Алматы: Жазушы, 1966.
10. *Жабаев Ж.* Таңдамалы шығармалары. II томдық. Алматы: Қазақ университеті, 2016.
11. *Жұмабаев М.* Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989.
12. *Жұмагелдинова Д.* «Еркетай» есімді Еркеғали. Алматы, 2018.
13. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст. *Смайлова А.* Алматы: Көшпенділер, 2011.
14. *Кірісбай Б.* Піл неге жылайды? Алматы: Баур, 2007.
15. *Қалиев С.* Біз шадыман баламыз. Алматы: «Өнер 21 ғасыр» қоғамдық қоры, 2013.
16. *Қанахин Ө.* Көл жағасында. Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
17. Қуыр-қуыр, қуырмаш: Қазақтың балалар фольклоры. Алматы: Раритет, 2018.
18. *Майлин Б.* Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2003.
19. *Мырза Әлі Қ.* Көптомдық шығармалар жинағы. Алматы: Қазығұрт, 2001.
20. Негеш. Балалар энциклопедиясы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995.
21. *Носов Н.* Дымбілместің Айға саяхаты. Орыс тілінен аударған *Б.Бодаубай.* Астана: Фолиант, 2011.
22. *Оңғарсынова Ф.* Сөз сыры. Алматы: Арман-ПВ, 2005.
23. *Өтетілеуұлы Е.* Өсіп келе жатырмыз. Алматы: Балалар әдебиеті, 2006.
24. *Свифт Д.* Гулливердің саяхаттары. Орыс тілінен аударған *А.Құрмансейітов.* Астана: Аударма, 2011.
25. *Сейітов С.* Жолдас уақыт. Алматы: Жазушы, 1977.
26. *Смақов Ж.* Көктем күні көңілді. Алматы: Алматыкітап, 2015.
27. Сұрақ және жауап. Энциклопедия. Алматы: Алматыкітап, 2009.
28. *Табылды Ә.* Қайырлы таң, балалар. Алматы, 2000.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

### 5. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

49-сабақ. Денсаулық – зор байлық.....	4
50-сабақ. Аурудан – аяған күштірек.....	6
51-сабақ. Салақ.....	8
52-сабақ. Дәрігер.....	10
53-сабақ. Аурушаң бала.....	13
54-сабақ. Тазалық.....	16
55-сабақ. Байлық.....	18
56-сабақ. Дәрігер бізге не айтты?.....	21
57-сабақ. Дененің саулығын сақтау үшін.....	24
58-сабақ. Жаңылтпаштар мен жұмбақтар.....	26
59-сабақ. Альпинист.....	28
60-сабақ. Ұлттық сусындар.....	30
61-сабақ. Мазмұндама.....	31
62-сабақ. Не үйрендім?.....	32

### 6. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ

63-сабақ. Ертегі оқыған соң.....	34
64-сабақ. Айт күндері.....	36
65-сабақ. Қазақ салты.....	39
66-сабақ. Сүйінші.....	42
67-сабақ. Наурыз.....	44
68-сабақ. Ақ бата.....	46
69-сабақ. Жомарт.....	48
70-сабақ. Туыстық – жанға тым ыстық.....	51
71-сабақ. Сарқыт.....	53
72-сабақ. Салт-дәстүр жайлы мақал-мәтелдер.....	55
73-сабақ. Бесік жыры.....	57
74-сабақ. Жүн сабау. Киіз басу.....	59
75, 76-сабақтар. Қорытынды.....	60
77-сабақ. Не үйрендім?.....	61

### 7. ҚОРШАҒАН ОРТА

78-сабақ. Киік лағының мұңы.....	63
79-сабақ. Жапалақ.....	66
80-сабақ. Құстар қысқа қалай дайындалады?.....	68
81-сабақ. Балалық шаққа саяхат.....	71
82-сабақ. Шілде.....	73
83-сабақ. Кемпірқосақ.....	75
84-сабақ. Сағат.....	77

85-сабақ. Жыл мезгілдері.....	79
86-сабақ. Тау баласы.....	81
87-сабақ. Балықтар .....	83
88-сабақ. Аққұтан.....	86
89-сабақ. Алмабектің өлеңі.....	89
90-сабақ. Отан .....	91
91-сабақ. Өтірік өлең .....	93
92-сабақ. Шығарма .....	94
93-сабақ. Не үйрендім? .....	95

## 8. САЯХАТ

94-сабақ. Ғарышкер.....	97
95-сабақ. Балық аулау.....	99
96-сабақ. Айдағы алғашқы күн.....	101
97-сабақ. Жазғы саяхат.....	104
98-сабақ. Құсжолы .....	106
99-сабақ. Гулливердің саяхаты.....	108
100, 101-сабақтар. Қорытынды .....	110
102-сабақ. Не үйрендім? .....	111
Тыңдауға арналған мәтіндер.....	112
Глоссарий.....	117
Пайдаланылған әдебиеттер .....	118

Оқу басылымы

**Қапалбек Бижомарт Сейсенбекұлы**  
**Нургожина Ляйля Каскановна**  
**Шортанбай Шохан Амангелдіұлы**

**ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ**

**2-бөлім**

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық  
*(қазақ тілінде)*

Оқулықты безендіруге суретші *Г.Бекованың*, фотограф *Д.Слановтың* еңбектері пайдаланылды

Редакторлары *Ж. Досбай, А.Төлепбердинова*. Көркемдеуші редакторы *Ә.Сланова*

Техникалық редакторы *Л.Садықова*. Корректоры *Ж.Баймағамбетова*

Компьютерде беттеген *Г.Әлімшеева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
 № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 6332

Басуға 22.06.22 қол қойылды. Пішімі 70×100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі "Segoe UI".

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 9,68. Шартты бояулы беттаңбасы 39,36.

Есептік баспа табағы 3,77. Таралымы 25 000 дана. Тапсырыс №

**"Мектеп" баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**  
**Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30 Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34**  
**E-mail: mektep@mail.ru Web-site: www.mektep.kz**